



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева



«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы  
Научно-исследовательский центр «Молодежь»



ӘДІСТЕМЕЛІК  
МАТЕРИАЛДАР

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ  
МҰРАСЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ИГІЛІГІ**

МЕТОДИЧЕСКИЕ  
МАТЕРИАЛЫ

**ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ  
НАСЛЕДИЕ  
КАЗАХСКОГО НАРОДА  
И НАЦИОНАЛЬНОЕ  
ДОСТОЯНИЕ  
НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА**

АСТАНА 2016



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі



Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті



«Жастар»  
ғылыми-зерттеу орталығы

# **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ИГІЛІГІ**

Жастардың мақсатты топтарына арналған  
әдістемелік материалдар

**Астана, 2016**

**Қ 17 Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы мен тәуелсіз Қазақстанның ұлттық игілігі. Историко-культурное наследие казахского народа и национальное достояние независимого Казахстана / А.С. Қайдарова, Д.Ә. Әшімханова, Ф.М. Мұсатаева, А.Т. Ахметжанова - Астана: «Жастар» ҒЗО, 2016 – 105 б.**

**ISBN 978-601-7857-16-5**

Ұлттық тарихи сананы және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бойынша әдістемелік материалдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік тапсырмасын орындау шеңберінде дайындалған.

Әдістемелік зерттемеде қазақ халқының басты тарихи оқиғалары, мемлекеттік рәміздерді құру тарихы жайлы оқушы жастарда Қазақстан халықтары арасындағы бірлік пен ынтымақтастық, Отанға махаббат, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыруға ықпал ететін қазақ және орыс салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ортақтығы, тек Қазақстанның емес, әлемдік өркениеттің мақтанышы болып табылатын өнерге, оның жасампаздық еңбегіне және қазақстандық халықтың дарындылығына, ата-бабалар алдына бас ию мен үлкен ризашылық сезімдерін тәрбиелеу жайлы материалдар ұсынылған.

Ұсынылған материалдарды жалпы білім беру мекемелерінің жоғары сынып оқушыларына азаматтық-отаншылдық тәрбие бойынша жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу барысында қолданылуы мүмкін.

Әдістемелік материалдар оқу-тәрбие үрдістерінің ұйымдастырушыларына, сынып жетекшілеріне, педагогтарға және қосымша білім беру мекемелерінің нұсқаушы-әдіскерлеріне арналған.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2016

Методические материалы по формированию национального исторического сознания и гражданской идентичности подготовлены в рамках выполнения государственного задания Министерства образования и науки Республики Казахстан.

В методической разработке содержатся материалы об основных исторических событиях казахского народа, истории создания государственных символов, общности традиции, обычаев и обрядов казахского и русского народов, способствующих формированию у учащейся молодежи чувства единства и сплоченности народа Казахстана, любви к Родине, гордости за свою страну, воспитания чувства восхищения и глубокой благодарности к предкам, к таланту казахстанского народа и его созидательному труду, искусству, являющемуся не только гордостью Казахстана, но и достоянием мировой цивилизации.

Представленные материалы могут быть использованы в организации и проведении работ по гражданско-патриотическому воспитанию учащихся старших классов общеобразовательных учреждений.

Методические материалы предназначены для организаторов учебно-воспитательного процесса, классных руководителей, педагогов и инструкторов-методистов учреждений дополнительного образования.

ISBN 978-601-7857-16-5

© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2016



**«Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы мен тәуелсіз Қазақстанның ұлттық игілігі» деп аталатын әдістемелік материалдар  
«Бірлік пен Келісімнің 25 жылы» атты  
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің  
25 жылдығын тойлауға орайластырылған**



Қазақстан тарихынан Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін бейнелейтін 25 маңызды оқиғалар

1.	1991 жылдың 16 желтоқсаны	Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы
2.	1991 жылдың 29 тамызы	Семей ядролық полигонының жабылуы
3.	1991 жылдың 1 желтоқсаны	Қазақстан Президентін ең алғашқы жалпы-халықтық сайлауы
4.	1992 жылдың 2 наурызы	Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруі (БҰҰ)
5.	1992 жылдың 7 мамыры	Қазақстан Республикасының дербес Қарулы күштерінің құрылуы
6.	1992 жылдың 4 маусымы	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін – Елтаңба, Ту, Гимнді бекіту күні
7.	1993 жылдың 15 қарашасы	Қазақстанның ұлттық валютасы - теңгенің айналымға енген күні
8.	1994 жылдың 6 шілдесі	Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы Қаулы қабылдануы
9.	1995 жылдың 30 тамызы	Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституцияның бүкілхалықтық референдумда қабылдануы
10.	1996 жыл	Тәуелсіз Қазақстанның жазғы олимпиадалық ойындарына қатысуы
11.	1997 жылдың 11 қазаны	«Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануы
12.	1998 жылдың 6 мамыры	Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақмола қаласының атауын Астана деп өзгерту» туралы Жарлығына қол қоюы
13.	2000 жылдың 10 қазаны	Астанада мемлекет басшыларының (Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікiстан) Еуропалық экономикалық одақ құру туралы келісімге қол қоюы

14.	2002 жылдың 30 тамызы	«Астана-Бәйтерек» монументі орнатылды
15.	2008 жылдың 6 шілдесі	Жаңа мемлекеттік мереке – Қазақстанның астанасы – Астана күні белгіленді
16.	2009 жылдың 24-25 ақпаны	Қазақстан халқының Ұлттық санағын өткізу
17.	2009 жылдың 3 қазаны	Түрік одағының құрылуы
18.	2010 жылдың 1 қаңтары	Қазақстан, Ресей және Беларусь – үш елдің аумағында Кедендік одақ жұмыс істей бастады
19.	2010 жылдың 1 қаңтары	Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөнінде ұйымның төрағасы болды (ЕҚЫҰ)
20.	2010 жылдың 28 маусымы	Қазақстандағы бірінші халықаралық деңгейдегі «Назарбаев Университет» университетінің ашылу салтанаты болды
21.	2011 жылдың 30 қаңтары	Астанада VII қысқы Азиялық ойындар басталды
22.	2012 жылдың 14 желтоқсаны	Мемлекет басшысының Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
23.	2013 жыл	Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді
24.	2014 жылдың 29 мамыры	Астанада Еуразиялық Экономикалық Одақ құру туралы келісімге қол қойылды (ЕАЭО)
25.	2015 жылдың 27 шілдесі	Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына ресми түрде енді (ДСҰ)



## Мазмұны

<b>Кіріспе .....</b>	<b>7</b>
<b>1-тарау. Қазақ халқының тарихындағы негізгі оқиғалар жалпыұлттық идеяның қалыптасуының шарты ретінде</b>	
1.1. Ұлы жаулап алу дәуіріндегі Ұлы дала.....	9
1.2. Қазақ хандығының пайда болуы және оның нығаюы.....	12
1.3. Қазақстанның Ресей империясына қосылуы.....	15
1.4. Қазақстан Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында.....	19
1.5. Жаңғырған Ұлы дала елі.....	21
<b>2-тарау. Мемлекеттік рәміздер – Қазақстанның ұлттық мақтанышы</b>	
2.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің шығу тарихы және олардың маңызы.....	25
2.2. Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің күні – отаншылдық пен ұлт бірлігінің мерекесі.....	28
2.3. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдану.....	29
<b>3-тарау. Қазақ және орыс халықтарының әдет ғұрыптары мен дәстүрлерінің ортақтығы</b>	
3.1. Қазақ және орыс халықтарының үйлену тойындағы әдеттері мен салттарының дәстүрлі элементтерінің ұқсастығы.....	32
3.2. Қазақ және орыс халықтарының бала туылуына байланысты дәстүрлері мен салт-ғұрыптарының ортақ белгілері.....	37
3.3. Қазақ халқының қонақжайлық пен өзара жәрдем дәстүрі Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығының бастау көзі ретінде.....	42
<b>Қорытынды.....</b>	<b>47</b>
<b>Әдебиеттер.....</b>	<b>50</b>



## Кіріспе

*Біздің жол – бұл ұлттың  
азаматтық сәйкестік  
негізінде бірліктің және  
бірізді қалыптасудың жолы  
Н.Ә. Назарбаев*

Төртінші институционалды реформаның аясында және бұл бағыттағы «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» белгіленген орталық міндеттердің бірі - азаматтық сәйкестікті нығайту болып табылады. Берілген салада төрт басым бағыт белгіленген: Қазақстандық сәйкестік, «Мәңгілік Ел» құндылықтары, тілдердің үшбірлігі және «Мәңгілік Ел» жаңа ұрпақты тудыру. Төртінші институционалды реформаның және «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» аясында «Сәйкестік және бірлік» бағыты бойынша іс-шараларды жүзеге асырудың басты тетігінің рөлі Қазақстан халықтарының Ассамблеясына жүктеледі.

Берілген бағытты жүзеге асыру мақсатында, әрбір азамат этникалық тегіне байланыссыз өз тағдыры мен болашағын Қазақстанмен байланыстырады дегенге негізделген, «Қазақстандық сәйкестік және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы» жасалды.

Бірыңғай өткен, бірлескен осы кез және келешек үшін ортақ жауапкершілік, «Бір ел - бір тағдыр» ұстанымы бойынша, қоғамды бір тұтасқа біріктіреді. Халықтың ортақ рухани-адамгершілік құндылықтар негізіндегі бірлігі қазақтың ұлттық рухының қайнар көзі болып табылады. Қазақстандықтарды ортақ үйге деген сүйіспеншілігі, ежелгі жердің тарихына, осы кезге және біздің мемлекетіміз бен оның азаматтарының ұлы болашағына қатысты құрмет пен келісім біріктіруі керек.

Қабылданған «достық-бейбітшілік-келісім» құжатында жасөспірімдерді патриоттық тәрбиелеуге ерекше назар аударған, азаматтық қағидасында қазақстандық ұқсастықты жетілдіруге, тарихи зерделерді мен халықтың рухани-мәдени мұрасын қалыптастыру.

Осыған байланысты, әрбір Қазақстандықтың өзінің Отандық тарихын білуі – отаншылдыққа икемделу және Қазақстандық азаматтық сәйкестіктің факторы болады. Бұған «Халық - тарих ағынында» деп аталатын тарихи зерттеулердің арнайы бағдарламасының жасалуы қолдау көрсетеді. Бұл бағдарламаның басым бағыты болып, ұлттық тарихтың шеңберін кеңейту, ұлттың жаңа дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Берілген бағдарламаны жүзеге асыру жастардың ұлттық санасын қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында мемлекеттің жастардың алдынан жаңа мүмкіндіктер ашу үшін бәрін істеп жатқаны туралы айтылады. «Бүгінгі мен хабарлаған жаңа саяси және экономикалық бағыт сендерге жақсырақ білім беруге, демек, бұдан да лайықты болашаққа бағытталған. Мен сендерге - Қазақстандықтардың жаңа буынына сенім артамын. Сендер жаңа бағыттың қозғаушысы болуларың керек [1]. Бұл ретте,

қазіргі әлем ең ауқымды дүниетанымдық және құндылық дағдарысын бастан кешіп жатыр. Бұдан бұрын қоғам айрықша оқшауланған әлеуметтік бірліктерден құрастырылған түрлі, әркелкі бейнеленген, ордалардан, тайпалардан, хандықтардан, империялардан бастап, салыстырмалы түрде бертінде, мейлінше кең таралған түрі - ұлттық мемлекеттерден әртүрлі құрамда болды. Осы саяси құрылулардың әрқайсысының тәуелсіз және өзіне-өзі жеткілікті экономикасы, қалғандармен қиылыспайтын және салыстыруға келмейтін өзінің бірегей сәйкестігін сақтаған өз мәдениеті болды. Заманауи қоғамның көрінісі мүлдем басқаша. Жергілікті мәдени дәстүрлер жойылып барады, және өз қажетін ғана қанағаттандыратын батыстық мәдениеттің «әмбебап» түрі барлық құрлықтарға тарап барады. «Бізге принципті түрде, жылдар бойы сыналған құндылықтарды сақтай отырып осындай дүниетанымдық талқылауларға қатыспауымыз қажет. Біз өз тәжірибемізден, біздің осал жеріміз деп атайтын - көп этника мен көп әртүрлі діннің болуын өз артықшылығымызға айналдыра алғанымызды білеміз. Біз мәдениеттер мен діндердің қатар жүруінде өмір сүруге үйренуіміз керек. Біз мәдениет пен өркениеттің диалогын ұстануымыз қажет» [2].

Жастарда отаншылдық пен азаматтық сәйкестікті қалыптастыру кезінде, біздің елдің аймағында тұрып жатқан қазақтар мен басқа ұлт өкілдері, империялық кезеңнің барлық ауыртпашылықтары мен қиындықтарына, төңкерістер мен тоталитаризмнің толқуларына қарамай, өз мәдениеті мен өзінің мәдени ерекшеліктерін сақтап қалды. Сондықтан тарихи сананы қалыптастырудың бірінші кезектегі міндеттері Қазақстанның жалпы тарихынан ең жаңа тарихты бөліп көрсету емес, жас тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу жолындағы танбалық жолдарды ашып көрсеткен бірегей ұлттық тарихты көрсету. Өз жиынтығында өткені туралы белгілі бір жүйені құрайтын, оның қазіргімен негізгі байланысын және қоғамның келешекте даму беталысын болжайтын тарихты білудің көмегімен оқушы жастардың азаматтық сәйкестігін қалыптастыру мақсатына қол жеткізу мүмкін.

Осыған байланысты, Қазақстандағы негізгі тарихи оқиғаларды, мемлекеттік рәміздерді, өткен мен келешекті байланыстырушы буыны, Қазақстандық отаншылдық пен азаматтығының мықты іргетасы болып табылатын, қазақ халқының дәстүрлерін және әдет-ғұрыптарын оқып үйренудің маңыздылығы өзектендіріледі.

## **1-тарау. Қазақ халқының тарихындағы негізгі оқиғалар жалпыұлттық идеяның қалыптасуының шарты ретінде**

*Қазақ халқының тарихы өзінің эволюциялық дамуы бойынша да, мазмұны бойынша да бірегей. Ол қазақ халқын сапалық, табандылық, ержүректік және адамгершілікті тексеруге арналған аса зор сынақтарға толы.*

*Н.Ә. Назарбаев*

### **1.1. Ұлы жаулап алу дәуіріндегі Ұлы дала**

VI ғасырлардың ортасынан бастап, Ұлы даладағы ұлы жаулап алулардың тарихы басталады, сақтардың, үйсіндердің, ғұндардың, қаңлылардың, сарматтардың ұрпақтары әлемдік аренаға түрік деген жаңа атпен шыққанда және Түрік қағанаты деген мемлекет құрғанда басталады. Түріктер туралы және олардың мемлекеті бойынша тарихтың негізгі дереккөзі болып қытай жазулары және Орхон-Енисей жазбалары болып табылады. «Түрік» деген сөз 542 жылдағы қытай деректерінде кездеседі. 552 жылы Бумын қаған Түрік қағанатын құрды, бұл Еуразия даласында түріктердің тайпаларының үстемдік құруына әкелді. Бұл- түріктердің тәуелсіздік үшін күресінің нәтижесі және барлық түрік әлемі, соның ішінде қазақ халқы және Ұлы Даланың барлық тұрғындары үшін еркіндік пен тәуелсіздік деген ұғымдардың киелілігінің көрсеткіші [3; 544 б.].

Түрік қағанатының аумағы (552 – 603 жж.) Солтүстік Монғолиядан Шығыс Еуропаға дейін созылған және Әмударияның жоғарғы ағысына дейін жеткен. Бумыннан кейін билікке келген ұрпақтары Түрік қағанатының қуатын сақтап қала алды. 587 жылы Бұхараның жанында түріктер, билігі Каспий теңізінен Солтүстік Индия мен Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан эфалиттерді жеңіп шықты. Ұлы Даланың көшпенді халықтарына тәуелсіздік, әділдік, мықты күш-жігер, ержүректік және батылдық, шыдамдылық, табандылық, батырлық тән. Осы қасиеттердің бәрін түрік-көшпенділер жаулап алу жорықтарында көрсетті. Солардың арқасында Ұлы даланың тайпалары өз мақсаттарына жетті.

Жібек жолында билік құру үшін Түрік қағанатының билеушілері Византия империясымен мәміле жасады, елшілермен алмасты, сауда келісулерін және Иранға қарсы әскери келісім жасады. 571 жылы Истеми қолбасшы Солтүстік Кавказды, Боспорды және Қырымды бағындырды. Осы іс-әрекеттің барлығы Түрік қағанатының саяси күшін нығайту мақсатында жасалды. Алайда, қағанаттың ішіндегі өзара даулар, көрші мемлекеттердің нығайуы және Қытайдың шабуылы мемлекетті әлсіретті және 603 жылы оның Шығыс және Батыс қағанаттарға екі бөлінуіне әкеліп соқты. Бастапқыда Батыс қағанат Қаратаудан Жоңғарияға дейінгі аймақты, одан соң Шығыс Түркістан жерлерін, Самарқан, Бұхара қалаларын бағындырды, және Тохаристан мен Ауғанстанға жорық жасап, өз аймағын Солтүстік Үндістанға

дейін кеңейтті. Алайда, 740 жылы ішкі қарама- қарсы қайшылықтардың және көршіледің агрессиясы салдарынан Батыс Түрік қағанаты құлады. VIII - XII ғғ. Түрік тайпалары жаңа мемлекеттер құрды: Жетісуда - Түргеш қағанаты, Еділдің Төменгі ағысында және Солтүстік Кавказда - Хазар қағанатын, Сырдарияның Орта ағысында және Арал теңізі маңайында - Оғыздардың мемлекетін, солтүстік шығыста, орталық Қазақстанда - Қимақтардың мемлекетін құрды. Бұл мемлекеттердің барлығы Ұлы Дала тайпаларының тарихы мен мәдениетінде маңызды орын алды.

Үшелік қаған құрған, VIII ғасырда пайда болған Түргеш қағанаты (704 – 756 ж.ж.) VIII ғасырда пайда болған мемлекеттердің бірі болды. Этностық құрамы сары және қара түргештерден тұрады. Мемлекет мықты болды, басқару 20 әкімшілік аймақтар арқылы жүргізілді, өз аймақтарына қауіп төнген кезде қорғау үшін 7 мың жауынгер шығара алатын. Алайда, сонымен қатар, алдындағы - Түрік және Батыс Түрік қағанаты сияқты - Түргеш қағанаты жаулап алу соғыстарын жалғастыра берді және көрші Қытайдың Тан империясы шабуылын тойтарып отырды. Сұлу қағанның басқару кезеңінде Түргеш қағанаты нығайды, мемлекеттің астанасы Тараз қаласы болды. Түрік кезеңінің тарихында 723 жылы түргештер, Ферғананың қарлықтарымен және Шаштың тұрғындарымен бірігіп, арабтарға ірі күйрете соққы берген белгілі оқиға белгілі. Арабтарға қарсы соғыста Сұлу қаған Тохаристанға дейін жетті, бірақ 737 жылы Суябтан қайтып келе жатқанда өзіннің қолбасшыларының бірінің қолынан қаза тапты, бұл түргештердің позициясын едәуір әлсіретті. Түргеш қағанатының тарихындағы маңызды тарихи оқиғалардың бірі - бес күнге созылған және қытайлықтардың түргештердің, арабтар мен қарлықтардың біріккен күшінен 751 жылы күйрей жеңілген, Атлас (Талас) қаласындағы ұрыс болды. Осы шайқастан кейін Таң империясының әскерлері Жетісу және Шығыс Түркістан жерлерін қалдырды. Бірақ, мемлекет ішіндегі соқтығыстар тоқтаған жоқ, сыртқы жаулар дамыл бермеді, бұл қағанаттың әлсіреуіне әкелді және 756 жылы қарлықтардың күшейіп алған түркі тілдес тайпалары өз биліктерін орнатты.

Қарлық мемлекеті (756-940 ж.ж.) толып жатқан көшпенді және жартылай көшпенді түркі тілдес тайпалардан құралды және Жоңғар Алатауынан Сырдарияның орта ағысына дейін, Балқаштан Ыстықкөлге дейін, Іле, Шу, Талас алаптарын, Тянь-Шань тарамдарын кең-байтақ аймаққа ие болды. Қарлық мемлекетінің ерекшелігі 25 қала мен елді мекендер, оның ішінде Тараз, Құлтан, Мерке, Барсхан, Талғар, Баласұғын, Тонга және басқаларының барлығы болды. Бұлардың көпшілігі Ұлы дала мен Еуропа халықтарының арасындағы сауда-саттық, дипломатиялық, мәдени және рухани байланыс болған Ұлы Жібек жолында орналасқан.

Ұлы даланың тарихы мен мәдени дамуында Оғыз мемлекетінің (IX –XI ғ. басы), Қимақ қағанаты (IX –XI ғ. басы), Қараханидтердің мемлекетінің (942-1210ж.ж.), Қыпшақ хандығының немесе оған қарағанда танымалды Дешті-Қыпшақ-Қыпшақтар даласыда аз үлес қосқан жоқ. Бұл мемлекеттердің әрқайсысы дүниежүзлік тарихтың дамуына өздерінің елеулі үлестерін

қосқан. Олар құдыретті болды, кең-байтақ жерге ие болды (Ұлы Далаға), Ұлы Жібек жолын бақылады

Далалық түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуының тарихы көптеген тарихи деректерде көрсетілген. Бірінші кезекте, бұл 1889 жылы Н. Ядринцев тапқан, Орхон өзенінің жағасынан Күлтегін мен Білге Қағанның құрметіне арналған көне түркілік руникалық жазбалар [4]. Руникалық жазбалар Енисей өзенінің тастарынан, Талас өзені алабынан табылағн, одан кейін Венгрияға дейінгі кең аймақтан табылған. Руникалық ескерткіштерінің мәтіндерінде нақты тарихи оқиғалар туралы айтылады. Олар, далалық көшпенділердің жоғары деңгейде өзіндік тілі мен әдебиеті, жазбалары болғандығын дәлелдейді. Тағы айта кететін жайт, батырлардың жасаған ерліктері туралы айтылатын Қорқыт ата және Оғызнаманың түрік тілдеріндегі атақты эпостары, музыка мен медицина саласындағы жетістіктер туралы көрсетілген. Х ғасырда исламды қабылдауға байланысты, ұлы Даланың көшпенділері мұсылман әлемінде жетекші күшке айналады, бұған куә - түркі тілінің оның негізгі тілдерінің біріне айналуы [5].

Сонымен қатар, Ұлы даланың күші мен қуатын, сол дәуірдің куәгерлері ретінде, ұлы оқымыстылары мен ойшылдардың еңбектері дәлелдейді. Бұлар түркі-көшпенділердің тарихы, экономикасы, саясаты және мәдениеті бойынша өте құнды дереккөздер. Сол сияқты, әлемдік ғылыми және мәдени қазынаға құнсыз үлес. Осылардың ішінде ерекше орын алатыны, 150-ден астам еңбектің авторы, ғылыми білімдердің барлық салалары бойынша трактаталар жазған оқымысты-энциклопедист, Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.), Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз». Оның барлық уақытта көбірек маңызды және сұранысқа ие еңбектері: «Музыканың үлкен кітабы», «Ғылымның жіктері жөніндегі сөз», «Бақытқа жету туралы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қызметкердің афоризмдері» және т.б. Мәдениеттің, түркі энциклопедиясының тамаша естелігі болып, Махмұд Қашғаридың (1029-1101 жж.) тарих, мәдениет, этнография, тіл және этнография бойынша жинақталып, кеңейтілген «Түркі сөздерінің жинағы» кітабы болады.

Түркі дәуірінің ақындық шығармашылығының ірі шығармасы барлық түркі әлемінің тұрғындарын білім алуға шақырған, Жүсіп Баласұғынның «Құтадғу білік» (1018-1086 жж.) поэмасы еді. Бағалы және танымал діни еңбек ретінде зерттеушілер Қожа Ахмет Яссауидың (1093-1166 жж.) «Диуани Хикмет» атты өлеңдер жинағын – «Даналық жайындағы кітап» деп атайды. Ол ақиқатқа жол – Құдайға жол деп санайтын, исламды уағыздаушы болған. Орта ғасырлық шығыстың тарихында көп ғылыми білімдердің білгірі, «Дәрігерлік ғылымның ережелері» еңбегінің авторы Ибн Сина (980-1037 жж.) атақты болды, Батыста Авиценна ретінде танымал болған. Сол сияқты, ұлы Даланың тарихында Әбу Райхан Бируни (973-1050 жж.), Сүлеймен Бақырғани (1104-1186 жж.), Әбілқасым Фирдоуси (940 – 1020 жж.), имам әл-Бұхари (810 - 870 жж.) және басқа да қайраткерлердің есімдері алтын әріппен жазылған [6].

Түркі қағанаттарының Ұлы далада билігінен кейін, Шыңғысханның (Темужиннің) билігі орнайды және тарихта белгілі монғол дәуірінің билігі басталады (XIII-XIV ғғ.). Ғаламды дүр сілкіндіруші, Қазақстанның, Орта Азияның территориясы еңген қутты империя құра алды. 1224 жылы әрқайсысы дербес мемлекет болатын Жошы, Шағатай, Үгедей және Төле ұлыстары құрылды. Ортадан шабуыл жасайтын күштер әрекетінің нәтижесінде бірқатар тәуелсіз мемлекеттер: Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, көшпелі өзбектердің мемлекеті (Әбілхайыр хандығы), Моғолстан пайда болды. Орталық Азияның және Шығыс Еуропаның ең күшті және ең танымал мемлекеті Алтын Орда болды [7]. Ұлы Дала аймағында жаңа мемлекеттердің пайда болуының маңыздылығы, Ұлы Дала елінің түркі тайпалары құрамына кіретін, XV ғасырдың 20-60 жылдарында Қазақ, Сібір, Қазан, Хивин, Қырым және Астрахан хандығының құрылуында еді.

## **1.2. Қазақ хандығының пайда болуы және оның нығаюы**

Қазақ хандығының пайда болуы – ежелгі уақыттан бастап XV ғасырдың ортасына дейінгі Қазақстанның аймағында өмір сүрген және пайда болған мемлекеттердің тарихымен байланысты, заңды тарихи құбылыс. Бұл сақтардың, үйсіндердің, ғұндардың, қаңлылардың мемлекеттік қамалдарының, кейіннен VI –X ғғ. әлемге әйгілі қағанаттар - Ұлы түркі, Батыс-Түркі, Түргеш, Қарлық, Қимақ қағанаттары, XI-XII ғғ. Оғыз, Қыпшақ, Қараханидтер, XIII ғ. ортасынан XV ғасырға дейін - Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы, Моғолстан мемлекеттері.

Тайпалардың біреуі басты рөл атқаратын және мемлекет басшысы ретінде өз басшыларын ұсынатын, жоғарыда аталған мемлекеттерден өзгеше, XV ғасырдың 60-жылдарында Қазақ хандығы құрылды, оның құрамына барлық туыс тайпалар біріктірілді және ұлыс қауымы, қазақтар пайда болды. Танымал ғалым, мемлекеттік қайраткер және қолбасшы Мұхамед Хайдар Дулати мырза (1499-1551 жж.) өзінің «Тарих-и Рашиди» тарихи шығармасында Қазақ хандығының құрылу уақытын, мемлекеттің негізін қалаушыларды, бастапқы территориясын және бірінші хандардың есімдері көрсеткен. Осылайша, қыпшақ даласындағы жағдайды сипаттай келе, М.Х. Дулати Көшпелі өзбектердің билеушісі Әбілхайыр ханның, Жошы ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандарға көп қиыншылықтар келтіргенін, сол себепті олар оны тастап Моғолстанға кеткенін атап өтті [8]. Есен-Бұға - Моғолстанның ханы, оларды қуанышпен қарсы алды, оларға Қозыбасы мен Шу (Батыс Жетісу, Моғолстанның батыс шеті) аймағын сыйға тартты. Әбілхайыр хан өлгеннен кейін, көп тайпалар Жәнібек пен Керей хандардың қасына жинала бастады. Хижраның 870 жылына, немесе жаңа жыл санаудың 1465-1466 жж. олардың жақтастарының саны 200 мыңға жетті. Бұл күнді М.Х.Дулати мырза «Тарих-и Рашиди» еңбегінде қазақ хандығының құрылу күні ретінде көрсетеді. Негізін салушылар Жәнібек пен керей. Қасым хан да аталған, Моғолстандағы жағдай және олардың басқарушыларының іс-әрекеттері туралы сипаттауда, Қасым хан да аталған. Қазақ хандығының бастапқы территориясы Қозыбасы мен Шудың аралығындағы жерді

камтыған. Жаңа мемлекеттегі тайпалар этникалық жақын болған, сондықтан олар ортақ атау алды - бастапқыда өзбек-қазақтар, кейін қазақтар. 2015 жылы М.Х. Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі деректерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қазақстан халқының Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауы туралы жарлық шығарды. Ерекше оқиғаға арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде ол барлығын «біздің барлық халқымыз үшін ұлы күнмен» құттықтады және «Қазақстан біздің көршілермен достықты сақтайтынын және үстей түсетінін, әлемнің барлық елдерімен достық қарым-қатынас қалыптастыратынын» атап өтті [9].

Әбілхайыр ханның өлімі және XV ғасырдың 70-жылдары Моғолстан мемлекеті ыдырағаннан кейін, Қазақ хандығының негізін салушыларда мемлекеттің аумағын кеңейту үшін саяси күреске кірісу мүмкіндігі пайда болды. Билеушілердің барлық күштері ежелден өңірдің саяси, сауда-саттық, экономикалық және мәдени өмірінің орталығы ретінде танымал Сырдария өңірінің қалаларына ие болуға бағытталды. XV ғасырдың 80-90 жылдарында қазақ хандары (Жәнібек, Керей, Бұрындық) Созақ, Сығанақ, Солтүстік Арал төңірегінің ауданын және Орталық Қазақстанның біраз бөлігін жаулап алды.

Бұл - нығаю, Қазақ хандығының территориясын ұлғайтудың және көрші мемлекеттерден сақтау кезеңі еді.

Қазақ хандығының нығаюы және әрі қарай дамуы Жәнібек ханның баласы, әйгілі Қасым ханның есімімен байланысты (1511-1521 жж.) [10]. Талантты қолбасшы, алыстан көретін саясаткер іс-қимылында өткір және батыл басшы, Қасым хан өз билігін Орталық Қазақстанның даласының жазықтарында орната білді. Мемлекет шекаралары оңтүстікте Сырдария жағалауларына шықты және Түркістан өңірінің қалаларының бөлігін қамтып ала бастады, оңтүстік-шығыста Жетісудың біраз бөлігін қосты, солтүстік-батыста Орал өзенінің алабына жетті. Қазақ халқының тұрғындарының саны миллионнан артық адамға жетті. Мемлекет және қазақ халқы Батыс Еуропа елдеріне танымал болды. Василий III басқарған кезде Мәскеу княздығымен дипломатиялық қарым-қатынастар жасалды. Сондай-ақ, Қырым және Астрахань хандықтарымен қарым-қатынастар жақсарған еді. Қасым хан елде заң тәртібін күшейту және орнату мақсатында, «Қасым ханның қасқа жолы» атты қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына негізделген заңдар жинағын қабылдады. Қасым хан билеп тұрған кезеңде Қазақ хандығы Жошы мен Шағатайдың бұрынғы ұлыстарындағы ең мықты мемлекет болды.

Қазақ хандығының тарихында ерекше орынды Хақназар ханның іс-әрекеті алады (1538-1580 жж.). Зерттеушілердің пікірі бойынша, Қасым хан өлгеннен кейін құлаған Қазақ хандығының біріктіре алған және оның шекараларын едәуір кеңейткен. Оның билік кезеңін, көршілер үшін қауіп төндіретін хандықтың гүлдену кезеңі және оның қуатты мемлекетке айналу кезеңі деп атайды. Қазақстанның аумағы батыста Оралға, солтүстікте - Есіл және Нұраға дейін, шығыста - Шыңғыстау, Балхаш және Шу өзені жағалауымен, шекараның оңтүстігінде Ташкентке дейін төніп келді. Қазақ ханына башқұрттар мен қырғыздардың территориясының бөлігі бағынған.

Орта Азия халықтарымен қызу сауда жүріп жатты, экономикалық байланыстар нығайды. Хақназар хан Түркістан өңірінің бірнеше қалаларын қайтарып ала алды.

Тәуекел ханның билігі кезеңінде (1582-1598 жж.) қазақ хандығының шекарасы қазақ жауынгерлерінің Ташкентті, Самарқандты және Сырдария жағалауындағы қалаларды ие болуы нәтижесінде кеңейді. Сыртқы позицияның нығаюы, мемлекет ішіндегі әрі қарай әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуға әкелді.

Есім хан кезіндегі Қазақ хандығы (1598-1643 жж.) мықты орталықтандырылған мемлекет болды. Есім хан өз заманының көрнекті саяси қайраткерлерінің бірі болды. Ол Қазақ хандығының бірлігі мен тәуелсіздігін қорғап қалған, сол үшін «Еңсегей бойлы ер Есім» атанды, қазақша «Ержүрек Есім батыр» дегенді білдіреді. Оның ержүректігі, батылдығы және қолбасшылық қабілеттері қазақ жерлеріне жоңғарлар қысым көрсеткен жылдары, сол сияқты Оңтүстік Қазақстан мен Ташкентті қайтару үшін соғысқанда көрінді. Есім хан тұсында заңдардың жаңа жиынтығы «Есім ханның ескі жолы» қабылданды.

Қазақ хандығының ең танымал мемлекеттік қайраткерінің бірі Тәуке хан болып табылады (1680-1718 жж.). Оның билік құрған уақытын «алтын ғасыр» деп атайды, оның атымен қазақтардың мемлекеттігінің нығаюы, сыртқы байланыстардың нығаюы, реформаторлық және құқықтық іс-әрекеттер байланысты болды. Сөйтіп, Тәуке хан рулар мен тайпалардың арасындағы өзара тартыс пен егесті тоқтата, қарсыластарының бетін қайтара, көрші ортаазиялық көршілермен достық қарым-қатынасты нығайта, Ресеймен сауда-саттық және экономикалық байланыстарды жөнге сала білді. Тәуке хан тұсында, Қасым хан мен Есім ханның ескі тағайындалымдарының негізінде дайындалған мемлекеттің жаңа заңы қабылданды. Заңнамаға маңызды толықтырулар енгізілді және ол «Жеті Жарғы» деп аталды. Занда XVII ғасырдың соңында XVIII ғасырдың басында мемлекет ішінде де, сондай-ақ, әлемдік кеңістікте болған өзгерістер есепке алынған. Қазақ қоғамының іс-әрекетінде ең басты рөлге жалпы заң ие болатын болды. Жаңа жарғыларға жеті тарау енеді: Жер заңы, Отбасы-некелік, Әскери, сот процестері туралы Ереже, Қылмыстық заң, Құн туралы заң, Жесірлер туралы заң. «Жеті Жарғы» қазақ қоғамында XVIII - XIX ғасырлар бойы қазақ қоғамында «Жеті жарғы» жүргізілді. Қазақтардың әртүрлі рулары мен тайпаларының материалдық жағдайын анықтауда айырым белгілерін енгізуде, жаңа салық жүйесін енгізуде Тәуке ханның заңдары, хандық биліктің абыройын берік ете түсті. Ғалымдардың пікірі бойынша, Тәуке ханның барлық іс-әрекеттері Қазақ хандығының территориясында мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған. Қазақ хандығы XVIII ғасырдың басына қарай Қазақ хандығы, жетекші мемлекеттік билеушілердің, соның ішінде Тәуке ханның әрекеттерінің нәтижесі ретінде мұраға қалдырылған кең аймаққа ие болды. Сонымен, батыста қазақтардың жерлері Каспийдің оң жақ жағалауынан бастап, шығыста Жоңғар Алатауына дейін, оңтүстікте қазақ жерлерінің шеті Ташкентке дейін жетті, солтүстікте - Ертіс пен



Тобылды қоса алды. Алайда, өкінішке орай Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін (1718 ж.) Қазақ хандығының ыдырауына әкеліп соққан және өмір сүруіне қауіпті тайпалардың арасындағы өзара егес күшейіп кетті. Қазақ хандығының ең ірі және қауіпті көршісі, 1635 жылы Батур Қоңтайшы ойрат тайпаларын бір орталықтандырылған мемлекетке біріктіру жолымен құрған Жоңғар хандығы болды. Тәуке хан билеген жылдары қазақтар жоңғар басқыншыларына тойтарыс беріп отырған. Кейінгі жылдар қазақ халқы үшін қайғылы болды. Жұт, ашаршылық, тауқымет және жеңіліс табу жылдары туды. Осылайша, 1723-1726 жылдары Қазақ хандығының тарихындағы «Ұлы жұт жылдары» - «Ақтабан шұбұрынды» келді. 1726 жылы барлық қазақ жүздері өкілдерінің құрылтайы жиналды, онда жоңғарларға қарсы барлық қазақ жүздерін топтастыруын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Әскерлер мен қолбасшылардың (Кіші жүздің ханы Әбілқайыр хан, Бөгенбай батыр) бірлігі мен топтасуының нәтижесінде қазақтар жеңіске жетті. Алайда, әскери және саяси нәтижелерді пайдалануға және жеңісті нығайтуға Қазақ хандығының билеушілері арасындағы ерегес кедергі болды.

### **1.3. Қазақстанның Ресей Империясына қосылуы**

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Қазақ хандығы үш дербес хандықтар (жүзден) мен билеушілерден тұратын, бөлшектенген мемлекет болды: Үлкен жүз (Жолбарыс хан), Орта жүз (Қайып хан), Кіші жүз (Әбілхайыр хан). Бәріне ортақ ұлы хан болған жоқ. Ең атақты және ықпалды қайраткер, XVIII ғасырдың 20-30 жылдары жоңғарларға қарсы соғысты басқарған және жеңіске жеткен Әбілхайыр хан болды. Бұланты шайқасы (1728 ж.), Аңырақай шайқасы (1730 ж.). Зерттеушілердің пікірі бойынша, Әділхайыр хан жалпыхалықтық мүддені және көшпенді халықты басқарудың орталықтандырылған жүйесін құрудың қажеттігін түсінді. Бірақ, оның даладағы бірлікке және билікке ұмтылуы, қазақтардың жоғарғы билеуші өкілдерінің біраз бөлігіне ұнаған жоқ. XVIII ғасырдың басында қазақ хандықтарының тек қана ішкі емес, сонымен бірге сыртқы саяси жағдайы да жақсы болған жоқ [11].

XVII-XVIII ғасырларда Қазақ жүздері мен Ресейдің шекаралық территориясы ең үлкен болып табылды. Төменгі Поволжье, Орал маңы, Батыс Сібір жерлерінің заңы бойынша, Ресей империясына бағынышты болғанына қарамастан, іс жүзінде Ресей империясының берілген өңірлерге ықпалы әлсіз болды. Аймақтарды Ресейдің мемлекеттік жүйесіне әлеуметтік-саяси біріктірудің аяқталмағандықтан, Ресейдің әскери-әкімшілік бодандарының форпост-қарулары қалмақтармен, башқұрттармен, сібір татарларымен және мемлекеттің басқа да мемлекет құзырындағыларымен шекараның оңтүстік-шығысында салына бастады, кей жерлерде Кіші Жүзбен Орта Жүздің шекараларына жақындап қалды. XVIII ғасырдың 20-30 жылдардың аралығында, көшпелі халықтың қарым-қатынастарында жер мәселесінің шиеленісуінің басты себебі болған, Ресей мен Цинь империясының өктемшіл саясаты нығайя түсті. Елде туындаған жағдай және көршілес елдермен шиеленіскен қарым-қатынастары Әбілхайыр ханды

хандықтан тыс жерде өзіне одақтастар мен жақтаушы іздеуге мәжбүр етті. Мықты және күшті көрші Ресей империясы болды. Сондықтан, Әбілхайыр хан 1730 жылдың жазында Петербургке Ресей императоры Анна Иоанновнаға өзінің елшілігін жіберіп, оны ұлыстарымен Ресей империясының құзырына қабылдауды сұрап жіберді. Елші жеті адам болды. Оларды Құтлұмбет Қоштаев бастады. Әбілхайыр ханның елшілеріне барлық сый-құрметтер көрсетілді, оларды қуанышпен қарсы алды, бағалы сыйлықтар берілді және Қазақ даласына Шетел жұмыстары Коллегиясының тілмашы В.И. Тевкелев бастаған комиссияның және күзеттің ілесуімен қайтты. Делегацияның мақсаты - Әбілхайыр хан мен қоластындағы қазақтың жоғары зиялыларын Ресей империясының құзырына еуге ант бергізуге әкелу. 1730 жылдың 5 қазанында олар Әбілхайр ханның резиденциясы орналасқан Ырғыз өзенінің Майтөбе шатқалына келіп жетті. Далада тыныш емес еді, қазақ тұрғындарының арасында алауыздық байқалатын. Дегенмен В. Тевкелевтің дипломатиялық күш салуының арқасында миссия орындалды. Құзырына еуге бірінші болып Әбілхайыр хан, оның артынан Бөгеебай батыр, содан соң Есет батыр, Құдайменді мырза және 27 старшын ант берді. Осылай, қазақ зиялылары тобының Ресей империясының құзырына енуді қабылдауы Қазақстанның Ресей империясына қосылуының бастамасы болды. 1731 жылдың 19 қаңтарында Әбілхайыр ханға және «барлық қазақ халқына» марапат қағазы берілді [12]. Алайда, Кіші жүздің Ресейдің құзырына енуді қабылдауы қазақ қоғамының күрделі мәселелерін шеше алған жоқ. Әбілхайыр ханның іс-әрекеті орта Азиялық және Жоңғар хандығын алаңдатты. Мемлекетке сыртқы қауіп төнуі сақталып қалды.

Ресей империясы қазақ жеріндегі өз ұстанымдарын нығайту жолдарын іздестірді, сондықтан 1734 жылы кейін Орынборлық деп аты өзгертілген «Қырғыз-қайсақ экспедициясын» құрды. Оны Сенаттың обер-хатшысы И.К. Кирилов басқарды. Экспедицияның алдында келесі мақсаттар қойылды: Орал бойындағы қазақ-орыс шекарасын анықтау; қазақтардың құзырына берілгенін нығайту; Орта Азия елдерімен сауда-саттық байланыстарын дамыту; қазақ-башқұрт қарым-қатынастарын бақылау, сол сияқты өлкені жан-жақты зерттеу. Экспедиция жұмыстарының нәтижесі Петербургке жөнелтіліп отырды. Мысалға, экспедиция жетекшісі Ор қаласының сағасына бекініс-қала салу қажет деп, Сырдарияның маңындағы қорғасынның, күкірттің және селитраның бай кендерін Ресей империясының әскери қажеттігіне пайдалану керек, Әбілхайыр ханға Хиуамен соғысуға қарумен және оқ-дәрімен көмек көрсету керек, сол сияқты башқұрттар мен қазақтардың арасында келісім болуға жол бермеу керек деп санады [13]. Бірақ, 1734-1738 жж. Башқұртт тұрғындарының арасында толқулар басталды және экспедицияның алысқа көздеген жоспарлары толық орындалған жоқ.

1734 жылдың 10 маусымында Орта жүздің Ресейге қабылданғаны туралы император Анна Иоанновнаның жарлығы қабылданды және Ресейге құзырлығын растайтын Орта жүздің ханы Сәмекеге марапаттау қағазы беріліп жіберілді. Алайда, белгілі болғандай, Орта жүздің территориясының басым бөлігі 1822 жылы Жарлық енгізгенше ресми түрде дербес болды. 1738

жылдың 3 тамызында Әбілхайыр хан Ресей империясының құзырына еруге қайталап ант берді. Одан кейін, оның ұлы Ералы сұлтан және Кіші мен Орта жүздің 56 старшындары ант берген еді. 1740 жылы құзырлыққа еруге Орта жүздің ханы Әбілмәмбет, Абылай сұлтан және қазақ зиялыларының 290 өкілдері ант берді. XVIII ғасырдың 40-жылдарының ортасын бастап Кіші және Орта жүздің атақты хандарының барлығы дерлік Ресей империясының құзырына ресми түрде енді. Тек Ұлы жүздің билеушілері ғана бұл үрдіске қатысқан жоқ, себебі олардың территориясы Ресейден алыс болды және Ұлы жүз қазақтарының Жоңғар хандығымен қарым-қатынастары туралы мәселені шешіп алу керек болды. Ресей империясының құзырына енуді қабылдаудың тарихи үрдісі бүкілхалықтық және ауқымды сипатта болған жоқ, Ресей империясының құзырына еруге антты Кіші және Орта жүздің билеушілері қабылдады.

Жоғарыда көрсетілген тарихи әрекеттер аяқталғаннан кейін, Ресей өзінің негізгі мақсаты етіп қазақ даласын біртіндеп әскери-казактық отарлауды және Қазақстан территориясында мемлекеттікті жоюды белгіледі. 1740 жылдан 1743 жылға дейінгі бар болғаны үш жылдың ішінде Кіші жүз бен Оңтүстік Оралдың қосылысында, қазақ тұрғындарының көшу аудандарын біртіндеп шектей отыра, бірнеше әскери бекіністер салынды. Бұл - Воздвижен, Рассыльный, Ильинка, Таналып, Қызыл, Елшан, Красногор, Новосергиевка және басқа бекіністер. Сол сияқты, Орынбор өлкесінде басшының ауысуы Ресейдің Әбілхайыр ханға және Кіші Жүздің қазақтарына қатысты саясатында өз рөлін атқарды: ханды биліктен ығыстыру, өлкені отарлау бойынша шаралар қабылдау. Нығайған әскери желілер кеңейтіле бастады. Жайық желісі қазақтардың, Орал өзенінің оң жағалауындағы өз иеліктеріне еркін өтуін жауып тастады. Жайық желісі, Жаңаесіл және Ертіс желістерімен шығыста бірікті. Нәтижесінде Орал өзенінің сағасынан Өскемен бекінісіне дейін 3,5 шақырымға созылған (шақырым шамамен 1 км-ге тең), орыс казактар қоныстанған әскери бекіністер мен форпостардың тұтас үзіліссіз желісі пайда болды. Қазақтар шамамен 70 шаршы мың шақырымды жоғалтты. XIX ғасырдың 60-80 жылдарында Әскери-казактық бодандаудан кейін Ресей империясы Қазақстанның аймағын игеруді жалғастыра берді, басында орыс шаруаларын ерікті түрде, соңынан жаппай Қазақтардың Орта және Кіші жүздерінің жеріне қоныс аударта бастады. XIX ғасырдың 20-жылдары Орта және Кіші жүздерде ханның билігін жоятын 1822-1824 жылдардың Жарғысын дайындады және енгізді. XIX ғасырдың 60-жылдары Ресей империясы Ұлы жүздің жерін жаулап алуға жорығы басталды және асығыс түрде 1867-1868 жылдары Қазақ өлкесін басқару жөнінде Қазақстанның бодандық мәртебесін заңды түрде бекіткен Уақытша ереже қабылданды. Барлық үш жүздің аймағы Ресей империясының құрамына енді, Қазақ даласының табиғи байлығын белсенді түрде игере бастады. 1886 және 1891 жылдардың реформасы орта Азия хандықтарының территориясын жаулап алғаннан кейін қабылданды. Қазақстанның және Орта Азияның жері екі өлкеге: Түркістан және Дала болып екі өлкеге бөлінді.

Қазақ халқының белсенді және өз жеріне қам жейтін өкілдері өз отанының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресті басқаруға қабілетті қолбасшыларын ұсынды. Сөйтіп, XVIII аяғынан және XIX ғасырдың ағысында шын берілген батырлардың, билердің, старшындардың, сұлтандардың және хандардың басқаруымен ұлт-азаттық көтерілістер болды. Сонымен, Сырым Датұлының (1773-1797 жж.), Сапура Мәтенқызының қозғалыстары (1775-1776жж.), Сұлтан Қаратайдың жетекшілігімен (1806-1816 жж.), Арынғазы ханның (1816-1820 жж.), Қайыпқали сұлтанның (1827-1829 жж.), Саржан Қасымовтың (1824-1836 жж.), батыр-старшындар Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың (1836-1838 жж.), сұлтан, кейіннен хан Кенесары Қасымұлының (1837-1847 жж.) және т.б. бастауымен ұлт-азаттық көтерілістер толқыны өтті [3; 768 б.]. Алайда, Ресей империясы оларға қарсы күшті әскерді, жазалаушы отрядтарды, казак әскерлерін және билеуші ақсүйектер мен көтеріліс басшыларының бір-біріне бас араздығы саясатын пайдаланғандығынан барлық көтерілістер жеңіліске ұшырады. Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары өте ауыр болып кетті. Халық отар мәртебесіне бой ұсынуға мәжбүр болды. XX ғасырдың басында көрнекті алаш зиялыларының тобы қазақ халқын ағарту және оятуға бағытталған іс-әрекет бастады. Бұлар атақты және бүкіл қазақстандықтарға танымал тұлғалар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев, Бақытжан Қаратаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы және тағы да басқалары болды.

#### **1.4. Қазақстан Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында**

XX ғасырдың басында тарихи алаңға шыққан Алаш зиялылары қазақ халқының оқу-ағартуы мен азаттығы, Ресейдің басқа халықтарымен теңдігі және бауырластығы үшін күресті. 1917 жылғы империялық биліктің өзгеруіне әкеліп соққан Ақпан төңкерісінің жеңісін пайдаланып, қазақ халқының көшбасшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов «Алаш» партиясын, Алаш-Орда үкіметін және «Алаш» ұлттық-аймақтық автономиясын құрды [14]. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы және кеңестік автономия құруға дайындық кезеңінде, қазақ зиялылары баламалы үкімет және автономияны ұсынды. Қазақтың алдыңғы қатардағы көрнекті өкілдері – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев және тағы да басқалары халықтың үкіметі мен мемлекетін «Алаш» және «Түркістан (Қоқанд) автономиясы» түрінде орнатуды ұсынды.

Өкінішке орай, қазақ қоғамының ұлттық ерекшелігін, тарихын ескерместен, таптық және партиялық ұстанымдар негізінде мәселелер шешілгендіктен, Кеңес үкіметі бұл ерік білдіруді қабылдамады. Сондықтан алаштықтар егер ұлттық (қазақтық) негізде болмаса да, тым болмаса кеңестік, социалистік негізде қазақ жерлерін сақтап қалуға өздерінің бар күштері мен білімдерін бағыттады. Сондықтан КСРО кезеңінде бізге тиесілі аумағы, қазір тәуелсіз Қазақстанда ие болып отырған біздің мемлекеттің

территориясы - XX ғасырдың басындағы алаш зиялыларының іс-әрекетінің нәтижесі. Кеңес Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) 1922 жылдың 30 желтоқсанында 1917 жылғы большевиктердің және олардың көсемі В.И. Лениннің (Ульянов) басшылығымен жасалған Қазан социалистік төңкерісінің жеңісінің нәтижесі ретінде құрылды. Бастапқыда, 1918 жылы Қазақстан территориясы Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының құрамына, РКФСР-ға бағынышты Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Социалистік Республикасы (ҚАСР) түрінде енді. 1922 жылы РКФСР-дың автономиялы субъекті ретінде КСРО-ға енді. 1937 жылы ҚАСР Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (ҚазКСР) болып өзгертілді және КСРО-ның құрамына одақтас республика ретінде кірді.

Қазақстан, Кеңестік үкіметінде өмір сүрген кезеңде 1918-1920 жж. Азаматтық соғысты бастан кешті, «әскери коммунизм» саясатын, 20 - жылдардың аштығы нәтижесінде елде экономикалық және саяси дағдарыс туындатқан ауыр зардаптарын басынан өткерді. Кеңес үкіметінің ықтиярсыз-мәжбүрлеу шаралары халықтың наразылығын туғызды. Сол уақытта РКФСР-дың құрамында, астанасы Орынбор, БОАК және КХК-нің 1920 жылғы 6 тамыздағы Декретімен бекітілген Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Социалистік Республикасы құрылды. Қырғыз (Қазақ) автономиясының құрамына Семей, Ақмола, Торғай және Орал губерниясы, Манғышлақ уезі, Закаспий облысының Красновод уезінің 4-ші және 5-ші Адай болыстықтары, Астрахан губерниясының Синемор болысы, Бөкей ордасының жерлері енгізілді. 1920 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ АҚСР-ның құрамына қосымша болып Орынбор губерниясы енгізілді, ал Орынбор қаласы республиканың астанасы болды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес үкіметінің индустрияландыру, коллективтендіру және мәдени революция жүргізу кезеңі. Бұл жылдары Кеңес үкіметі белгілі бір жетістіктерге жетті. Алайда, тарихтың трагедиялық парақтары да болды. КСРО Қазақстанға қатысты саясат жүргізгенде, орасан зор шикізат ресурстарын және өнеркәсіпті қарқынды дамыту қажеттігін есепке алды. 1927 жылға қарай Риддерде кен байыту, қорғасын зауытының және электр станциясының құрылысы, Қарсақпайда - мыс балқыту зауытының бас цехтарының қондырғылары аяқталды. Мұнай және алтын өндіретін өндіріс кеңейтілді. Алматы шұға фабрикасы, Петропавлда және Оралда былғары зауыты іске қосылды. Балық өнеркәсібі, тұз өндіру кәсіпшілігі, май өндіру өнеркәсібі дамыды. Түркістан-Сібір теміржолы салынды. Жаңа қалалар мен жұмысшы кенттері өсіп шықты. Индустрияны кадрлармен қамтамасыз ету үшін Қазақстанға мамандар мен жұмысшылар, Кеңестер Одағының барлық жерінен әртүрлі ұлттың өкілдері ағылды. Алайда, республикада мұнай мен газды өңдеуші, түсті металдар және машина жасау кәсіпорындары жоқ болды. Индустриаландыру саясатының нәтижесінде Қазақстан өнеркәсібінің шикізаттық бағыттағы индустриалды-аграрлы республика болды. Жаппай коллективтендіруді жүзеге асыру барысында ұжымшарлар мен кеңшарлар ашылды, өнеркәсіптік орталықтардан жұмысшылар шақырылды, егіс алаңдары ұлғайтылды,

машина-трактор станциялары құрылды, ауылды әлеуметтік қайта жаңарту және көшпелі және жартылай тұрғындарды тұрақтандыруды жылдамдату жүргізілді, сол сияқты кулактарды және байларды тап ретінде жою бойынша комиссиялар құрылды. Барлық осы әлеуметтік қайта құрулар ХХ ғасырдың 30-жылдары жаппай аштыққа ұшыратты. Қазақтар 20 млн.-нан астам отандастарынан айырылды. Кеңестік мемлекет ауыл шаруашылығы саласында ауқымды жоспарларын жүргізуі, ұжымшар ұйымдастыру кезінде еріктілік ұстанымдарын бұзумен, ұжымшар құрылысын өткізудің қарқынын жеделдетумен, әртүрлі мәжбүрлеу шараларын қолданумен, қуғын-сүргінмен ілесе жүрді. Қазақстанның кеңестік тарихының трагедиялық парақтары 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргінмен байланысты. Кеңестік басшылардың пікірі бойынша, социализмді құру кезінде таптық күрес шиеленісе түседі. Сондықтан, басқаша көзқараспен күрес басталды. Идеялық жауды жеңу үшін мемлекеттің барлық күштерінің құрылымдары іске қосылды. Айдауға, жөнелтуге, концлагерлерге қамауға арналған арнайы заңды органдар құрылды [15]. ГУЛАГ, АЛЖИР, СТЕПЛАГ сияқты лагерлердің жүйесі пайда болды. Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.С.Қожанов, О. Исаев және т.б. қазақ елінің көрнекті мемлекет және қоғамдық қайраткерлері жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлы, Санжар Асфендияров, Сәкен Сейфуллин, Ильяс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев және басқа көптеген ғылым, білім беру және мәдениет қайраткерлері қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Коммунистік партия және кеңестік үкімет нәтижесінде жаңа социалистік мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы мәдени төңкерісті жүзеге асырды. Сонымен қатар, жаңа сәйкестікті - кеңестік халықты қалыптастыру жүргенінің маңызы аз емес.

1939 жылдың 1 қыркүйегінде екінші дүниежүзілік соғыс басталды. 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия КСРО-ға шабуыл жасады және Қазақстан КСРО-ның 15 республикасының бірі ретінде Отан қорғауға белсене шықты. КСРО-ның барлық экономикасы соғыс жағдайына көшірілді. Қазақстан майданның сақтау орындарының бірі болды. 1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңестік адамдар тылда жан аямай жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап қазақстандықтар оның барлық маңызды шайқастарына қатысты: Брест қамалын қорғауда, Мәскеу үшін шайқаста, Сталинград түбіндегі ұрыстарда, Курск шайқасында, Днепрден өткенде, Ленинград облысының елді мекендерін фашист басқыншыларынан азат етуде. Партизан қозғалыстарына қатысты. Қазақстандық жауынгерлер Польшада, Венгрияда, Югославияда және Еуропаның басқа да елдерінде ерлікпен шайқасты. 500-ден астам қазақстандық жауынгерлер Кеңестер Одағының батыры атағын алды, ондаған мыңдары ордендермен, медальдармен марапатталды. Ғалымдар, педагогтар, мәдениет қызметкерлері жеңіске өз үлестерін қосты. Соғыс 27 млн.-нан астам кеңес адамдарының өмірін алып кетті.

Соғыстан кейінгі жылдары (1946-1970 жж.) КСРО-ның идеологиялық қуаты нығайды. Кеңестер Одағының әміршіл-әкімшілік жүйесі адамның еркіндігін тұншықтырып отырды, оның құқықтарын елемеді, оны өндіріс

құралдарынан және мемлекет басқарудан шеттетті. Билік толығымен КСРО-ның Коммунистік партиясының қолында болды. Сонымен қатар, білім беру салаларының, ғылыми мекемелердің дамуына үлкен көңіл бөлініп отырды. КСРО-ның Қазақ филиалының негізінде ҚазКСР-ның Ғылым академиясы құрылды, ғалымдардың сансыз кадрлары өсіп шықты, жоғары және орта кәсіптік мамандарды тұрғылықты ұлттан дайындау жүрді. Қоғамдық ғылымдарға бір мәнді емес көзқарас қалыптасты. Тарихшылардың, тілшілердің және әдебиетшілердің еңбектерінде қателер «табылды». Тарихшы Ермұхан Бекмаханов жазықсыз 25 жылға сотталды. Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов және басқа да танымал ғалымдар мен жазушылар қуғынға ұшырады. Одан соң Н.Хрущевтық «жылымықтың», Сталиннің жеке басына табынуды айыптаумен және халық шаруашылығы саласындағы реформалармен, қарама-қайшы жылдары болды.

XX ғасырдың 70-90 жылдары Кеңестік мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өмірінде барлық республикалардың, оның ішінде Қазақстанның да дамуын тежейтін жағымсыз процестер болды. Тән құбылыстары: өндірістің құлдырауы, индустрияның ескірген материалдық-техникалық базасы, өндіру салаларының дамуы, еңбекақы төлеудегі теңгермешілік, жоспарлы экономиканың тиімсіздігі, енжарлық, селқостық және т.б. Қоғамда қарама-қайшылықтар мен наразылықтар өсе бастады. 1985 жылы наурызда билікке КОКП-ның жаңа басшысы М. Горбачевтың келуі бірталай жандандыру және үкіметке сенім туғызды. Ол жариялаған қайта құру, жариялылық, үдету, қоғамды демократияландыру және бүкіл социалистік жүйені жаңартудың жүзеге асуына үміт пайда болды. Бірақ, Қазақстан халқы әрі қарай кеңестік өлшеммен өмір сүргісі келмеді, оған сөз және іс-әрекет бостандығы керек болды. Сондықтан 1986 жылдың 17-18 желтоқсанында Кеңес үкіметінің саясатына өзіндік наразылығы сияқты, Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін алуының басын бастаушы болған Алматыда желтоқсан оқиғалары өтті.

### **1.5. Жаңғырған Ұлы дала елі**

Қазақстан Республикасы Президенті 2012 жылдың 14 желтоқсанында «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында біз, Қазақстан халқы 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендік, бостандық, әлемге ашықтықты таңдап алдық деп атап өтті. Бүгінгі таңда бұл құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бөлшегі болып кетті. Сол кезде, жолдың басында бәрі мүлде басқаша болды. Енді, біздің жалпы ат салуымыздың арқасында еліміз жаңғырып кетті, оны қазір тану мүмкін емес. .... Біздің басты жетістігіміз – біз тәуелсіз Қазақстанды құрдық [16].

Жаңа Қазақстан – бұл жаңғырған Ұлы дала Елі. 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстанда тұңғыш рет Қазақстанның Президентін бүкілхалықтық сайлауы болды. Нұрсұлтан Назарбаев үшін дауыс беруге қатысқандардың санынан 98,78% дауыс берді. 1991 жылдың 10 желтоқсанында республиканың Жоғарғы кеңесінің сессиясында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын Қазақстан Республикасы деп өзгерту

туралы шешім қабылданды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні деп жарияланды. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының көрнекті қайраткері Әлихан Бөкейхановтың: «Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» деген сөздері орындалды [17]. Құжатта жазылған: Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Қазақстанның территориясы біртұтас, бөлінбейтін және мызғымас деп жарияланған. Заңда тарихи тағдырдың ортақтығымен қазақ халқымен біріккен, республиканың барлық ұлтының азаматтары онымен бірге Қазақстанның біртұтас халқын құрайды. Құжатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің барлық ерекше белгілері анықталған.

1992 жылдың 4 маусымында Жоғарғы Кеңесте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы, елтаңбасы және Қазақстан Республикасының гимні бекітілген. Оларда тарихы, мәдениеті, ерекшелігі және Ұлы даланың ертедегі және орта ғасырдағы мекендеуші көшпенділермен сабақтастығы бейнеленген. Сол сияқты, біздің еліміздің Мемлекеттік рәміздерінде Қазақстан халқының бейбітшілікке, гүлденуге және әлемнің бүкіл халқымен өзара түсінушілікке ұмтылысы көрсетілген.

1993 жылдың 28 қаңтарында республиканың Жоғарғы Кеңесі Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Атазаңын қабылдады, содан соң 1995 жылдың 30 тамызында өткізілген референдумның нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының жаңа Ата заңы қабылданды. 1995 жылғы Ата заңда ол қабылданған кезеңнен бері өткен кемшіліктер мен өзгерістер ескерілген, президенттік республиканың моделі анықталған, биліктің салаларының арасындағы өкілеттіктерді бөлу және нарықтық экономикаға өту мәселесі шешілген. Қазақстан Республикасының Ата заңының «Жалпы ережелер» 1-тарауында Қазақстан Республикасы өзін жоғары құндылығы адам, оның өмірі, құқығы және еркіндігі болатын демократиялық, зайырлы, құқықты және әлеуметтік мемлекет деп сендіретіні анықталған [18]. Ата заңның ережелеріне сәйкес, Президент халықтың бірлігінің және мемлекеттік биліктің нышаны және кепілі болып табылады. Осылайша, көне қазақ жерінде өз мемлекетін құрған және оны сыртқы жаулардан қорғаған туыстар мен тайпалардың туған кезінен бастап, көп ұрпақтың армандары өз мемлекеттігін құру идеясы жүзеге асырыла бастады. Дамыған және күшті мемлекеттердің тарихынан, егер бейбітшілік пен келісім, бірлік пен бауырластық, арман және шындық орнағанда ғана, ұзақ және табысты өмір сүруге болатыны көрінеді.

Тәуелсіздіктің 25 жылында неге қол жеткізгенімізді Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын оқып-білу арқылы тануға болады. Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауларында біздің мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатында өз болжамдарын ұсынады. Бірінші Жолдау (1997 ж.) Қазақстан халқына Қазақстан Республикасының 2030 жылғы дейінгі дамуының



Стратегиялық жоспары ретінде белгілі. Одан кейін Стратегия - 2030 жоспарының жалғасы ретінде жаңа Стратегиялық жоспар «Қазақстан - 2050» жаңа шынайылықта және жаңа мүмкіндіктерде анықталған (2012 ж). Қазіргі уақытта еліміздің алдында ауқымды міндеттер тұр. Мемлекет басшысы біздің әрқайсымызға сенеді және «біздің лайықты тарихымыз, даңқты ата-бабларымыздың рухы бізге келешек уақыттың қиындықтарын жеңуге көмектеседі», - деп санайды [19].

Әлемдегі дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына кіру үшін табандылықпен еңбек ету керек. Қазақстанда инновациялы индустрияландыру шеңберінде ашылған экономиканың жаңа секторы пайда болып келеді. Көптеген өңдеуші салалар өсуін көрсетуде. Бес жыл ішінде өңдеуші өнеркәсіп 1,3 есеге, химиялық өнеркәсіп және құрылыс материалдар өндірісі - 1,7 есеге өсті. Машина жасау өнімдерін шығару 2,2 есеге, ал экспорт - 3 есеге артты. 800-ден астам индустриалдық жоба іске асырылды. 2015 жылы металлургиялық өнеркәсіп бірден 15%-ға, химиялық - 3,2 %-ға өсті. Минералдық өнімдер өндірісі - 3,2 %, киім - 4%. Яғни, біз шикізат ресурстарына тәуелсіз экономиканы жасаймыз. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болды, бұл біздің елімізді тең дәрежелі сауда-экономикалық серіктес ретінде мойындағанының куәсі. Инфраструктуралық дамудың Мемлекеттік бағдарламасы «Нұрлы жол» қабылданды. «Ұлт жоспары. 5 институционалды реформаларды жүзеге асыру бойынша жүз нақты қадам» реформасын жүзеге асыру басталды. Шағын және орта кәсіпкерлікке әкімшілік тосқауылдар жойылуда, мемлекеттік басқару, білім беру және денсаулық сақтау салалары жетілдірілуде. Осының бәрі Ұлы дала халқының жаңғыруына жағдай жасайды.

Біздің мемлекетіміздің Президенті атап өткендей, бүгінгі таңда Ұлы Қазақстандық жол мен Мәңгілік Ел идеясын жаңғырту бізге байланысты. Өзінің 2015 жылдың 30 қарашасындағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім, Реформалар, Даму» деген Жолдауында Президент басты дағдарысқа қарсы, үш қарапайым, бірақ маңызды: өсім, реформалар, даму түсініктеріне пара-пар стратегияны белгілейді.

«Бірінші – бұл өсім. Бәрінен бұрын экономикалық өсім туралы сөз айтылады. Ағымдағы міндеттерге қолдануға қатысты, бізге, Қазақстанның әлемдегі неғұрлым дамыған елдердің отыздығына енуін қамтамасыз ететін экономиканың қарқынын өсуін қалпына келтіру қажет. Біз, дербес бастамашылықты ашу арқылы, өсімнің ішкі көздерін табуымыз керек.

Екінші – бұл реформалар. Олар экономиканың, қоғамның және мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазір біз «Ұлт жоспары. 100 нақты қадам» іске асырып жатырмыз. Олар өз ауқымдылығы бойынша 90-жылдары біз жүргізген көлемді реформалармен салыстыруға жарайды. Бізге мемлекеттік және корпоративтік менеджменттің, қаржылық және фискальдық сектордың неғұрлым терең реформалануы өмірлік қажетті.

Үшінші – бұл даму. ХХІ ғасырда дамудың басты факторы болып қоғамның барлық салаларын үздіксіз жаңғырту болып табылады. Біз барлық мемлекеттік, қоғамдық және дербес институттарда Жалпыға бірдей Еңбек

Қоғамының ұстанымдары, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, тұрғындардың ең күнкөрісі нашар топтарына атаулы көмек негізінде ауқымды түбегейлі өзгерістер жасау бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз [20].

Біздің мемлекетіміздің әрі қарай өсуі үшін техникалық және кәсіптік білім беруді, кадрларды дайындау бойынша Германиямен, Канадамен, Австралиямен және Сингапурмен бірлесіп орталықтар ашып дамыту керек. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, «қазақстандық экономиканың инновациялық әлеуетін көтеру» қажет.

«Болашақтың экономикасын құру үшін негізін қалау маңызды. Смарт-технология, жасанды парасат, киберфизикалық жүйелерді біріктіру, болашақтың энергетикасы, жобалау және инжиниринг саласында құзырлығын дамыту қажет. Мұны тек тиімді ғылыми-инновациялық жүйелер салу арқылы ғана істеуге болады. Оның негізі, энергетиканы зерттеу университеттері және Назарбаев Университетінің «Астана бизнес кампус» хайтек-паркі базасында және Алматыдағы «Алатау» технопаркінде қалыптасқан инновациялық кластерлер болады. Астанада Халықаралық ЭКСПО – 2017 мамандандырылған көрмесінің өткізілуі бізге «жасыл технологияларға» неізделген жаңа энергетиканы белсенді дамытуға мүмкіндік береді [21].

Бүгінгі таңда тек Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамы ғана сыртқы түбегейлі өзгерістерге төтеп беретін тиімді экономиканың нақты негізі бола алады».

Сол сияқты, Қытаймен шикізаттық емес бөлікте ынтымақты еңбек етуге, 40-тан астам кәсіпорнын салуды ниет еткен келісімге қол жеткізілді. Ресеймен тұрақты және берік, дәстүрлі тату көршілік қатынастар орнаған, экономикалық бірігу дамып келеді. Жапониямен ынтымақты еңбек ету инвестициялық және технологиялық өзара қарым-қатынастардың келешегін кеңейтеді. Еуро Одақпен тереңдетілген серітестік пен ынтымақты еңбек ету жөнінде келісімге қол қойылды. Біз әлемдік қауымдастықпен ядросыз әлем үшін, терроризмге және экстремизмге қарсы күресте біргеміз. Біз кез-келген дауды бейбіт жолмен шешу үшін ат салысамыз және әлемдік дамудан қалып қоймау үшін бізге қатыстының бәрін жасаймыз. Болашақтың Қазақстаны, «бұл – үш тілде сөйлейтін, білімді, еркін адамдардың қоғамы. Олар әлемнің азаматтары. Олар саяхатшылар. Олар жаңа білімдерге ашық. Олар еңбекқор. Олар –өз елінің патриоттары. 2050 жылдың Қазақстаны – Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамы. Мұның барлығы адам үшін жасалатын, мықты экономикасы бар мемлекет. Жақсы білім беру, жақсы денсаулық сақтау. Бейбітшілік және тыныштық орнаған. Азаматтар азат және тең, ал билік әділ. Онда заң үстемдік етеді». Мәңгілік Ел болу және жаңғырған Ұлы дала елінің лайықты ұрпақтары болу үшін осының бәріне қол жеткізу керек.

## 2-тарау Мемлекеттік рәміздер – Қазақстанның ұлттық мақтанышы

*Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші бейнені білдіреді*

*Н.Ә. Назарбаев*

### 2.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің шығу тарихы және олардың маңызы

1992 жылдың 4 маусымында маңызды оқиға болды: Қазақстанның мемлекеттік рәміздері қабылданды.

Мемлекеттік рәміздер – заманауи саяси мәдениеттің және тарихи өзін-өзі сәйкестендірудің барлық ережелері бойынша жасалған геральдикалық бейнелер, елдің мемлекеттік тәуелсіздігін ғана емес, әрі жаңа мемлекет құрудың басты ұстанымдарының мәнін жариялады. Мемлекеттік рәміздердің маңызды ерекше белгісі – елтаңба, неміс тілінен аударғанда, «мұра» немесе «мұрадағы үлес» дегенді білдіреді. Қазақ жеріндегі елтаңбалардың тарихы онда бірінші мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы мезгілінен басталады. Басқа сөздермен айтқанда, елтаңбаның тарихы – бұл мемлекеттің тарихы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жеке мемлекеттің Елтаңбасының тән ерекшеліктері оны басқа мемлекеттен айырып тануға мүмкіндік береді. Мысалы, ертедегі темір дәуіріндегі сақ тайпаларының, оларды бір-бірінен айыруға мүмкіндік беретін, рулық тотемдік таңбалары болған. Таңба – ерекше белгі, қасиетті нышан, рулық мөрді білдіреді. Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда Есік қорғанының қазбаларынан табылған «Алтын адамның» киімінде 4 мыңға жуық, «андар стилінде» орындалған және барыс, таутеке, бұлан, аттар және әртүрлі құстар мүсінінде әшекейлер болған. Осыдан «қошқармүйіз» оюы, біздің Тудың бөлігі алынған. Елтаңбаның негізіне – «Алтын адамның» бас киімінде орналасқан, қарама-қарсы жаққа қараған ертегідегі бір мүйізді, қанатты аттар алынған. Тарихтары ұқсас мемлекеттердің рәміздерін салыстырғанда, оларда бірдей аңдардың, мысалға грифондар (басы бүркіт, денесі арыстан бейнелі құс) мен бүркіттер, арыстандар немесе аттар – көшпелі түркілердің сенімді серіктері.

Мұндай тотемдік нышандар үйсін, түркі-монғол хикаяларында, әсіресе Көкбөрі туралы аңыздарда жиі кездеседі. Түркі халықтарының дүниетанымында қасқыр ерекше тотемдік рөл ойнаған. Түрік қағанаты кезінде түрік жауынгерлерінің туында «Көкбөрі» бейнеленген. Сондықтан XIX ғасырда өмір сүрген атақты қазақ ақыны Сүйімбайдың музыкалық шығармасында мынандай сөздер бар: «Бөрілі менің байрағым, Бөрелі байрақ көтерсе, Қозады қай-қайдағым...» [22]. Қазақ халқы үнемі қасқырды батылдық пен ерліктің шышаны деп санаған. Кейінгі уақыттарда қазақтар рутайпалық таңбаларды пайдаланған. Ғалымдар 43 тайпадан тараған 84 қазақ

руларының таңбасын есептеді. Әртүрлі геометриялық пішіні бар таңбалар елтаңба және мөр ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ, таңбалар рулық, тайпалық және жеке меншікті белгілеуге қызмет еткен. Қазақтарда малды таңбамен белгілеу дәстүрі біздің күнге дейін сақталған.

Ту – өзіндік ерекшелігінің, тәуелсіздіктің, мемлекеттіктің ерекше белгісі. 5 мың жылға жететін оның тарихы Таяу Шығыстан басталады. Зерттеушілердің айтуы бойынша, ең көне ту Иран территориясынан табылған, онда құстар, аңдар, құдайлардың беті бейнеленген. Қазақстанның Туының көгілдір түсінің Түркі, Хазар, Селжұқ қағанаттарының, Тимуридтар мемлекетінің, Қазақ хандығының рәміздерімен байланысы бар. Көне түркілердің тілінде «көк» деген сөздің мағынасы да «шығыс», «шығыстық» түсініктеріне сәйкес келеді. Қазақстанның туындағы Күн барлық халықтарға белгілі, көне космостық нышан, өмірдің көзі, жарық дегенді білдіреді. Қазақ халқының тарихы сақтардың, үйсіндердің, ғұндардың және ертеде Қазақстанның территориясын мекендеген басқа тайпалардың тарихымен генетикалық байланыста. Тәңірге табынған көне түркілер Көк аспанға, Күнге, Суға, Ауаға, Жерге иіліп сәлем берген. Сондықтан тудың көгілдір түсі және нышаны Қазақстан аумағында тұрып кеткен халықтардың тарихи сабақтастығын көрсетеді. Туда бейнеленген қыран биліктің және күштің нышаны, сондықтан бұл геральдикалық белгі әлем елдерінің көп елтаңбалары мен эмблемаларында көрсетілген. Егер отарлық кезеңнің елтаңбаларының тарихына жүгінсек, онда 1867–1868 жылдардағы әкімшілік-территориалдық реформаның нәтижесінде, Қазақстан қалаларының елтаңбалары жасалған. Ресей империясының құрамына енген қазақ облыстары мен қалаларының бірыңғай үлгіде елтаңбалары болған. Мысалы, Орал, Гурьев (қазіргі Атырау), Павлодар, Семей, Өскемен, Петропавл, Көкшетау, Қостанай, Ақтөбе және басқаларының да елтаңбалары болған.

Алаш-Орда үкіметі өз отырыстарында елтаңба жасаудың қажеттілігі туралы мәселені қарастырған, бірақ мәселе шешілмей қалды. Сондықтан 1918 жылы «Қазақ» газетінде, елтаңбаның жобасын дайындауға қатысуға үндеген, «Орда гербі (таңбасы)» атты мақала жарияланды. Кеңестік кезеңді (1920–1991 жж.) қарастыра отырып, біз Қазақ КСР-ның елтаңбасы, басқа одақтас республикалардікі сияқты, КСРО-елтаңбасы негізінде жасалғанын айқын көреміз. Оның ортасында қызыл сәулелерде орақ пен балға орналасқан, ал енінде қазақ және орыс тілдерінде «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген жазу болған. Елтаңбаның ең жоғарғы жағында бес бұрышты жұлдыз орналасқан, астында «КССР» және «ҚССР» деген жазу болды. ҚазКСР-дың қызыл мемлекеттік туының төменгі жағында, ұлттық жалаудың бастапқы түсін еске түсіретін, жалпақ емес көгілдір жолақ болды. Тарихи құжаттарда Алаш-Орданың ақ және жасыл түсті тулары болғаны туралы мәліметтер кездеседі.

1991 жылғы терең саяси дағдарыс КСРО-ның құлауына әкелді және бостандыққа жол ашты. Біздің еліміздің тәуелсіздігі жарияланды. Осы жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін әзірлеу бойынша жұмыс басталды. 1992 жылдың басында Жоғарғы Кеңес

Президиумының Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздерін әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы Қаулысы шықты. Осыған сәйкес комиссия құрылды, оның құрамына С. Әбділдин, С. Зиманов, С. Әбдрахманов, Е. Шаймерденов сияқты танымал қайраткерлер, сонымен қоса елдің Президенті Назарбаевтың өзі кірді.

Осылай, 1992 жылдың қаңтарында Елтаңба, Ту, Гимнді жасауға байқау жарияланды. Мұнда тек қана кәсіпқой маман суретшілер мен дизайнерлер ғана қатыспай, өз нұсқаларын кез-келген қалаушы жібере алатын болды. Байқауға қатысушылардың арасында тек Қазақстанның ғана азаматтары емес, ТМД, Германия, Монғолия және әртүрлі елдердің тұрғындары болды.

Мемлекеттік Ту бойынша байқауды өткізу барысында 600 адам қатысты және 1200 жоба ұсынылды, сонымен қоса Мемлекеттік Елтаңбаға 245 жоба және Мемлекеттік Гимнге 750 жоба ұсынылды. Рухани бірлікті бейнелейтін Гимн тағы бір маңызды мемлекеттік рәміз болады. Тәуелсіздік жылдарында екі Гимн (1992 ж., 2006 ж.) қабылданды. Бірінші Гимннің мәтінінің автолары Т. Молдағалиев, М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Ж. Дәрібаева және композиторлар М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди болды. Кеңестік кезеңнің әуені өзгеріссіз қалды. Бірақ, 2000 жылдың 9 мамырында Елбасы Н. Назарбаев үкімет алдында Гимнді өзгертудің қажеттігі туралы мәселе қойды. Нәтижесінде, 2006 жылдың қаңтарында «Менің Қазақстаным» өлеңі ресми Гимн болды. Өлеңді 1956 жылы Ш. Қалдаяқов пен Ж. Нәжімеденов жазған. Бұл тың игеру жылдары қазақ халқының ұлттық мақтанышын және рухын ояту мақсатында құрастырылған марш. Ол 1986 жылдың желтоқсанында да айтылған еді.

Егеменді Қазақстанның Елтаңбасы екі танымал архитекторлардың: Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлихановтың зор еңбектерінің, шығармашылық ізденістерінің нәтижесі болып табылады. Бұл жарыста жеңіп шығу оңай болған жоқ. Тек қана қорытынды байқауда болашақ елтаңбаның 245 жобасы және 67 сипаттамасы қатысқанын еске түсірсек жеткілікті.

Байқау комиссияның отырысың бірінде Ел Президенті Н. Назарбаев Тудың ұсынылған жобаларының көгілдір түсінің әдемілігіне көңіл аударды. Комиссия мүшелерінің көңілін аударған жобаның әзірлеушісі қазіргі Тудың авторы болған, атақты суретші және дизайнер Шәкен Ниязбеков еді.

Н. Ә. Назарбаев мемлекеттік рәміздерді қабылдау процесінде ерекше рөл атқарды. Мәтінге, еліміздің бүгінгі мұраттарына және армандарына сай келетін кейбір түзетулер енгізе отырып, ол бірлескен автор ұжымына енді. Елбасы сондай-ақ, қазақ тілінде терминдерді пайдалануға ерекше көңіл бөлді. Оның бастамасы бойынша «елтаңба», «әнұран», «нышан, рәміз» ресми терминдері енгізілді.

1992 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде ту мен елтаңбаның финалға өткен нұсқаларын ақырғы талдауы өткізілді.

Осылайша, 1992 жылдың 6 маусымында Абай атындағы опера және балет театрында мемлекеттік рәміздерді ұсынудың салтанатты рәсімі өтті. Президент туға ант берді, осыдан кейін Президенттің резиденциясының және республиканың Жоғарғы кеңесінің ғимаратының үстінде Қазақстанның

мемлекеттік туы көтерілді. Бұл оқиға Қорғаныс министрінің бұйрығымен 21 дүркін артиллериялық мерекелік оқ ату арқылы аталып өтті.

Мемлекеттік рәміздерді әзірлеуді және пайдалануды реттемелейтін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы 2007 жылдың 4 маусымында қабылданды

Бүгінгі таңда біздің Мемлекеттік рәміздеріміз әлемге кеңінен танымал. Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Біздің елдің Туы Біріккен Ұлттар Ұйымының және Қазақстанның шетелдік өкілеттіктері ғимаратының алдында тұтұғырда желбіреп тұр.

## **2.2. Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің күні – отаншылдық пен ұлт бірлігінің мерекесі**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күні ретінде тойланады және ҚР-ның кәсіптік және басқа мерекелерінің тізбесіне енгізілген.

2015 жылдың 15 желтоқсанында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күнін тойлаудың Ережелері бекітілді.

Бұл ережелерге сәйкес, Мемлекеттік рәміздер күні еліміздің барлық аймақтарында жыл сайын тойланатын болады.

Мемлекеттік рәміздер күнін тойлау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздермен безендірілген ғимараттарда, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, мәдениет, білім беру және ғылым, экономика және қаржы саласының, басқа да саланың өкілдерінің қатысуымен салтанатты түрде өткізілуі керек.

Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтуге арналған ресми және салтанатты рәсімдер, спорттық іс-шаралар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеруден және орнатудан басталады және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындауымен ілесе жүреді.

Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтуге арналған ресми және салтанатты рәсімдер, спорттық іс-шараларда құттықтау сөздер, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің тарихы, мағынасы және мәнділігі туралы айту ұйымдастырылады.

Мемлекеттік рәміздер күнін атап өту аясында өткізуге болады:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін бір уақытта орындау бойынша іс-шаралар;

- медальдар, төсбелгілер, ведомстволық марапаттар, құрмет грамоталарын және алғыс хаттарды тапсыру;

- жаңа нысандар, ұйымдар ашу;

- әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерге ант бергізу;

- дөңгелек үстелдер, отырыстар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар;

- Қазақстанның мемлекеттік мәселесі туралы форумдар;

- кітапханаларда және мұражайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне арналған тақырыптық көрмелер және экспозициялар;

- көрнекті саяси, еңбегі сіңген және қоғамдық қайраткерлер туралы тақырыптық хабарларды шығару, жариялау және сұхбат алу;
- мемлекеттік рәміздерді көпшілікке түсіндіріп таратуға, отаншылдықтың нығаюына және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды қалыптастыруға мақсатталған конкурстар, викториналар;
- мемлекеттік рәміздерді насихаттайтын баспа өнімдерін шығару;
- Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтуге арналған басқа да іс-шаралар [23].

Мемлекеттік рәміздер күнін ақпараттық ілесу арқылы атап өту аясында, заңды тұлғалар Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтуге арналып өткізілген іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрсету үшін іс-шаралар қабылдайды.

Жергілікті атқару органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күнін атап өтуді ұйымдастыру және өткізудің, сонымен қатар ақпараттық ілесу арқылы атап өтудің іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күнін атап өту қарсаңында бүкіл еліміз бойынша мемлекеттік нышандар олар тек қана құрметтеудің нысаны болғандықтан ғана емес, бір шаңырақтың астында тұрып жатқан және өздерін осы жердің азаматтарымыз деп санайтын адамдарды топтастырудың бейнесі, барлық буын ұрпақтарын біріктіруге тартылғанына барлық көңіл бөлінген, акциялар, салтанатты іс-шаралар және әртүрлі эстафеталар өткізіледі.

### **2.3. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдану**

Тәуелсіздік пен егемендік алғаннан кейін бірден Мемлекеттік рәміздерді қабылдау, демократиялық және құқықтық мемлекет құруда, біздің республикамыздың әлемдік қауымдастықтың алдында рөлі мен беделін нығайтуда маңызды қадам болды. Мемлекеттік рәміздерге сыйластық және аялай қарау, әсіресе жас ұрпақта отаншылдықтың қалыптасуының және тәрбиеленуінің, мызғымас құндылықтарының негізі болады.

Мемлекет басшысы Н.Ә Назарбаев өзінің бір сөйлеген сөзінде, елдің азаматтарының оның рәміздеріне көзқарасы – адамдардың осы мемлекеттің толыққанды азаматтары екендігін қаншалықты сезінетіні, оның болашағына сенетіні, өз елінің отаншылы екедігінің көрсеткіші екендігін атап айтқан.

Өз Отанына – Қазақстан Республикасына азаматтығы мен отаншылдығын, сүйіспеншілігін тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды, насихаттау мен қолдануды іске асыру, сол сияқты мемлекеттік рәміздердің мазмұны мен мәнділігін түсіну мақсатында, оларды оқып-үйрену жалпы орта, бастауыш, кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру оқу орындарының негізгі білім беру бағдарламасына енгізіледі.

Әрбір оқушы, мемлекеттің қалыптасу процесінде рәміздердің маңызы мен рөлін ұғынып, еліміздің Мемлекеттік Туын, Елтаңбасын және Гимнін құрметтеу рухында тәрбиеленуге, Республиканың рәміздеріне құрметпен

қарамағаны үшін жауапкершілікті сезінуге, мемлекеттік атрибутика туралы терең білімі болуға міндетті.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан барлық ұйымдар мемлекеттік рәміздерді пайдалану жөнінде келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен қамтамасыз етілген болуы керек:

- ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» конституциялық заңның күші бар Жарлығымен 1996 жылдың 24 қаңтарында қабылданған;

- «ҚР Президентінің енгізілген өзгерістермен Жарлығы» 2006 жылдың 7 қаңтары № 112;

- мемлекеттік нышандарды дайындауға лицензиялары бар кәсіпорындардың тізімі;

- Мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдануы жағдайларын тексеру бойынша жадынама;

- мемлекеттік рәміздерді жою бойынша құжаттардың үлгілері (бұйрық, отырыстың хаттамасы, жойылуы турал акт);

- Мемлекеттік Туды, Мемлекеттік Елтаңбаны және олардың бейнелерін, сонымен қатар 2007 жылдың 2 қазанындағы Мемлекеттік Әнұранның мәтінін орналастыру ережелері;

- білім беру ұйымдарында салтанатты іс-шаралар өткізу кезінде «ҚР-ның мемлекеттік рәміздерін қолдану рәсімі туралы» Ереже 2005 жылдың 9 сәуірінде қабылданған № 227 Жарлығы.

Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» конституциялық заңына сәйкес іске асырылады және мемлекеттік рәміздерді аяққа таптауға кінәлі тұлғалар, ҚР заңнамасына сәйкес жауап береді.

Мемлекеттік рәміздер қабылданған кезден бастап, қазақстандықтардың барлық жеңістері мен жетістіктері олармен байланысты болды.

Біздің отандастар Қазақстан Туын әлемдік сайыстар мен олимпиадалардың жеңіс жолдарымен 4 мың рет алып өтті, оны ғаламшардың асқақ жерлеріне тікті, ең биік тау шыңдарына және космос қиырына көтерді.

Бірінші шілдеде ғарышқа тәуелсіз Қазақстанның өкілі, ғарыш стансасының бортынан біздің Мемлекеттік Тудың аясында бүкіл әлемге сөз сөйлеген Талғат Мұсабаевтың бірінші ұшқан күнінен бастап 22 жыл толады. 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына Елбасы Мемлекеттік Туды Іле Алатауы жотасының «Абай» шыңына тікті.

2011 жылы Мақсұт Жұмаев және Василий Пивцов Қазақстан туын Азияның биіктігі 8 мың 611 метр болатын күрделі «Каракорум Чогори» шыңына көтерді.

2011 жылдың 14 желтоқсанында Оңтүстік Полюстің 100 жылдық мерейтойына Қазақстан Республикасының туы Антарктидаға тігілді.

2012 жылдың 23 ақпанында қазақстандық Андрей Гундаревқа Оңтүстік Америкаының ең биік «Охос-дель-Саладо» шыңы бағынды, осының нәтижесінде қазақстанның туы әлемдегі ең биік жанартауға тігілді.



2014 жылы қазақстандық альпинист Мақсұт Жұмаев Солтүстік американың ең биік тауының «Мак-Кинли» шыңына шықты және онда қазақстандық туды орнатты.

2015 жылы ғарышкер Айдын Әйімбетовтың ұшуы кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы Жер ғаламшарын 150 айналып шықты. .

2015 жылдың 14 сәуірінде бірінші қазақстандық шаңғы экспедициясы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын Солтүстік полюсте – Арктикада орнатты.

Сол сияқты, Қазақстанның туы Батыс Еуропаның ең биік нүктесі, биіктігі 4 810 метр «Монбланға» тікті.

Азия және әлемнің ең биік шыңдары Памир тауының 7 мың 134 метр биіктіктігі «Ленин» шыңында және 8 мың 800 метр биіктіктігі «Эверест» шыңында біздің елдің Мемлекеттік туы желбіреп тұрды және Мемлекеттік гимні шырқалды [24].

Осылай, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, Туы және Гимні – кез келген спорттық сайыстардың ажырамас бөлігі. Ірі халықаралық турнирлерде қазақстандық жанкүйерлерді трибуналарда желбіреген тулары бойынша таниды, біздің елдің чемпиондарының құрметіне жүйелі түрде Ту көтеріледі және Қазақстан Республикасының Гимні орындалады. Отандас спортшылардың жеңісі бұл олардың қазақстандық отаншылдықтың қалыптасуына қосқан орасан зор үлесі.

### 3-тарау. Қазақ және орыс халықтарының әдет ғұрыптары мен дәстүрлерінің ортақтығы

*Дәстүрлер мен мәдениет –  
бұл ұлттың генетикалық  
коды.*

*Н.Ә. Назарбаев*

#### 3.1. Қазақ және орыс халықтарының үйлену тойындағы әдеттері мен салттарының дәстүрлі элементтерінің ұқсастығы

Құда түсу, үйлену және тойды өткізу көп халықтың ертедегі дәстүрлерінің бірі. Қазақ халқының құда түсудің басты түрі – тумаған балаға құда түсу, балаларға бесіктен құда түсу және ересек балаларға құда түсу. Ересек балаларға құда түсу – бұл қазақ халқының да, орыс халқының арасында да үйленудің ең кең тараған түрі. Құда түсудің мәнінде көп ортақтық бар екеніне қарамастан, әр халықтың өз ерекшелігі бар. Ұл бала некеге тұратын жасқа келгенде, әкесі келін іздеуді бастаған. Қазақтар экзогамия дәстүрі бойынша, қалыңдықты жетінші ұрпақтан әрі іздейтін және өздеріне теңдестермен құда болуға тырысатын. Осыдан белгілі: «Тең теңімен, тезек қабымен» [25; 25 б.]. Орыстар да қазақтар сияқты, қалыңдық таңдағанда, қыздың тегіне ерекше мән беретін. Олардың пікірі бойынша, жақсы қалыңдық – еңбекқор, үй шаруашылығын жүргізе білетін, қарапайым және үлкендерді сыйлайтын қыз.

Орыстарда қазақтардағы сияқты, некеге ерте жаста тұратын және ұлына қалыңдықты ата-анасы таңдайтын. Құда түсерге дейін жақын туыстардан және кіндік әке-шешеден тұратын отбасы кеңесі өткізіледі. Әрине туыстардың пікірі ескеріледі, алайда соңғы шешімді, қазақтардағы сияқты, жігіттің әке-шешесі қабылдайды. Кейде орыстарда құда түсуге келісім алу үшін жігіттің ата-анасы қыздың үйіне сыйлы, сөз тапқыш (шешен) адамды жіберетін. XIX ғасырдың ортасында, әсіресе ірі қалаларда «кәсіпқой» құдалардың қызметін райдаланатын, олар арқылы қыздың әке-шешесінің келісімін алып, кейін нақты құдаларды жібереді [26; 125 б.]. Қазақтарда болашақ күйеу жігіттің әкесі құдалықтың алдында қыздың үйіне «жаушы» жібереді. Қазақстанның кейбір өңірлерінде жаушы сыртқы бейнелерімен өзгешеленетін, мысалы жеңіл киінген, шалбарының бір балағы етіктің қонышыша сұғылған, екішісі сыртқа шығып тұрады. Қазақтарда осы әдеттің XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін болғаны туралы дереккөздер куәландырады. Х.Арғынбаевтың пікірінше, бұл әдет-ғұрып жаушының қыздың үйіне баруы және оның әкесі қызына құда түсуге қарсы болмасын деген ырымшыл қойылым болатын. [27; 101 б.]. Орыс халқында да осындай,

олардың нанымы бойынша, қалыңдықтың ата-анасының келісімін алуға көмектесе алатын сиқырлы іс-әрекеттер жасалатын. Мысалы, Қазан губерниясының орыс ауылдарында, құдағи қыздың үйіне кірмес бұрын, осы әрекеті құдалықты сәтті қылады деп санап, келіні ұстап өз-өзінен үш рет айналатын. Пермь губерниясында құда үйге кірердің алдында үйдің табалдырығын өкшесімен үш рет ұратын. А.Т.Төлеубаевтың пікірі бойынша, үйге келген кісінің берілген отбасы ошағында қалыптасқан дәстүрлерді «өзгерту», «бұзу» туралы ниетін көрсететін әрекет [28; 15 б.].

Сол сияқты қазақтарда, көп жағдайда, егер құда түсудің басы жай ғана құда түсу немесе келіссөздер болса, онда кейде ол алыстан келген құдалардың мықты, берік ниеттерін білдіретін бейтаныстардың «біз шаншуынан» басталатын.

«Біз шаншуға» келгендер, оларды тамақтандырғаннан кейін де кетпеген, олар ешкіммен сөйлеспей, ертоқымдарын бір жерге жинап қойып дем алатын. Үйдің иесі кешке мал сояды. Қонып шығып, келесі күні түсте бір ауыз сөз айтпастан кетеді. Негізінен кәрі адамдар келген. Қонақтар кеткен соң, үй иелері келулерің құпия мақсатын табу мақсатында сырмақты сілкетін. Киізге тығылған бізді тауып алатын. Қарттардың бұл іс-әрекеті – бізде ұл бар, оған ол сендердің де ұлдарың болатындай етіп қараңдар дегенді білдірген [29; 124 б.].

Қазақтар да, орыстар да құда түсуді «сәтті күнге» жоспарлаған. Қазақтар үшін «сәтті» болып сәрсенбі және сенбі саналған. Орыстарда құда түсуге күн таңдау «жеңіл» күн ретінде анықталған, бұл- жексенбі, сейсенбі, бейсенбі кешке немесе түнде. Қазақтарда да, орыстарда да құда түсуге кісі таңдау мұқият жүргізілген, себебі ол әңгімені жүргізе білуі керек, болашақ қалыңдықтың туыстарында жайлы әсер қалуы үшін бәрін істеуі керек. Орыстар құда түсу үшін күйеу жігіттің кіндік әке-шешесін немесе оның жақын туыстарынан біреуді жіберетін.

Құдалықтың келесі сатысында қазақтар қалыңмал туралы, ал орыстар қалыңдықтың жасауы туралы келіседі. Қазақ қызының жасауы қалыңмалдың көлеміне (мөлшеріне) сәкес болады, ал орыс қызының жасауы күйеу жігіттің үйлену тойына жұмсаған сомасына теңестіріледі. Сол сияқты, екі жақ бір-біріне сыйлықтар тарту жөнінде келіседі.

Қазақтарда қалыңмалдың басым бөлігі төленгеннен кейін, күйеу жігіттің әкесі оны қыздың ауылына жіберетін. Бұл «қалыңдық ойнамақ» немесе «ұрын бару» деп аталатын. Күйеу жігітпен бірге саны үштен тоғызға дейін сенімді адамдар баратын Оларды қосшы деп атаған. Олар өздерімен бірге әртүрлі тартулар әкелген. Қазақтарда мәтел бар: «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» («если даже есть невеста без калыма, нет девушки без соблюдения обычая»). Орыстарда қалыңдықты көруге күйеу жігітпен оның ата-анасы баратын. Берілген дәстүрді өткізуге қалыңдықтың құрбылары да қатысатын, олар қыздың өмірі туралы өлеңдер айтатын. Қыз көруден кейін қалыңдық пен күйеу жігітті, ертерек дайындап қойған ұзын немесе қысқа тонға қойып қоятын [30; 214 б.].

Қазақтарда ұқсас әдет-ғұрып қалыңдық күйеу жігіттің үйіне келгеннен кейін өткізілетін. Қалыңдық келген күні әкесі оны өз үйіне шақырады. Мұнда оған арнайы қойдың жас терісін төсеп қояды, қалыңдықты сәлем бергеннен кейін теріге отырғызып қояды, бұл келін тері сияқты жұмсақ болсын дегенді білдіреді. Сірә, орыс халқында да бұл салт туралы осындай түсінік болса керек.

Қазақтарда қалыңдық үйден шығарда сыңсу айту керек. Мысалы, ата-анасына ол былай айтады:

«Базардан келген тақтайым,  
Сындырмай қалай сақтайын  
Айналайын анашым,  
Ақ сүтінді қалай ақтайын.  
Төр алдында сырмағым,  
Төңірегін жимадым,  
Ұл болсам үйде тұрмас па ем,

Қыз боп үйге симадым» (ата-анасының үйіндегі өзінің бақытты жылдарын есіне түсіреді, келешегі туралы, жаңа өмірдің алдында қорқыныштары және толқыныстары туралы мұңын айтып жылайды).

Қалыңдық үйінен күйеу жігіттің үйіне кетіп бара жатып, ата-анасының үйіндегі азат, еркін өмірін еске алады. Осындай әдет-ғұрып орыс халқында да болған, бірақ ол қалыңдық үйінен кетерден бірнеше күн бұрын орындалатын. Мысалы, Псков губерниясында қалыңдық дос құрбыларымен «мұңды» өлеңдер айтуы керек және бүкіл қыстақты аралап өтуге тиіс болған. Владимирск губерниясындағы қыстақтарда қалыңдық дос құрбыларымен үйдің баспалдағында отырып, еркін өмірін жоғалтатына өкініп, мұңды өлеңдер айтатын. Оларға қыстақтың барлық әйелдері қосылатын. Ярославль губерниясында қалыңдық қыздармен қосылып қыстақтың орталығына жиналатын және осыған ұқсас өлеңдерді айтатын [31; 182 б.].

Орыстарда және қазақтарда да күйеу жігіт қалыңдығын алып кетуге келгенде, әртүрлі әдет-ғұрыптар орындалатын. Мысалы қазақ ауылдарында, бір шақырым қашық жерде қыздың жеңгелері күйеу жігітті әртүрлі тағамдармен қарсы алатын. Қымыз құйып тұрған әйел, қолын жеңіне тығып тұрады да күйеу жігіт ылысты алуға ыңғайланған кезде, оны кенет тартып қалатын. Сөйтіп, ол осылай үш рет қайталайды. Тек үшінші ретте ғана ыдысты алуға рұқсат ететін. Бұл үшін оған күйеу жігіт «аяқ жүгіртер» сыйын жасайтын. Күйеу жігіт, тіптен, әйелдер оған қалыңдықты көрсеткені үшін сый жасайды. Мысалы қалыңдықтың үйіне барар жолда «өлейін» деп жатқан кемпірді («кемпір өлді») тауып алады. Бұл жағдайда «кемпір өлді» деген кәде беріледі («кемпір өлді» рәсімін өткізу барысында кемпірді тірілтіп алу керек). Кемпір бірден тіріліп кететін. Осының бәрінен соң, бір әйел күйеу жігіттің алдына бақан лақтырады. Оны аттап өту жаман ырым болып саналады [32; 65 б.], сондықтан күйеу жігіт кедергіні алып тастау үшін «бақан тастар» беруі тиіс («кедергіні аттап өткені үшін» сый). Басқа әйел, «ит ырылдатар» кәдесін алу үшін итке айналып, ит құсап ырылдайтын («ит ырылдатар» дәстүрі). Үйдің ішінде екі әйел күйеу жігіттің жолын бөгейді.

Біреуіне ол «шымылдық ашар» («шымылдық ашқаны үшін сый»), екіншісіне «төсек салар» («қалыңдыққа бірінші келгені үшін» сый). Әдетте, шымылдықтың артында ең жақын жеңгесі және төсекте өлейін деп жатқан бір әйел жатады. Күйеу жігіт оған кәдесін береді, ол оны төсекке отырғызады және шымылдықтан шығады. Жеңгесі жастарды қатар отырғызады, олардың қолын бір-біріне ұстатқызады және «қол ұстатар» алады, содан кейін қалыңдықтың басынан сипайды, күйеу жігіт «шаш сипатар» береді, жеңгесі жастарға құшақтасуға рұқсат етеді және «қыз құшақтатар» кәдесін («құшақтауға рұқсат еткені» үшін сый) алып, бақытты өмір тілеп шығып кетеді.

Орыс халқында да қыстаққа күйеу жігіт қалыңдығына келгенде, өз салттары болған. Қыстақ тұрғындары әртүрлі қиындықтар тудырады. Мысалы, үйдің қақпасын жауып, арқан тартады (Қазақтарда Қазақстанның шығысында да мұндай салт-дәстүр бар, бірақ ол құдалар келген кезде жасалады). Қалыңдықтың үйінің жанында күйеу жігіт пен құдаларды қалыңдықтың құрбы қыздары қарсы алады. Олар қақпаны жауып, оларды қыздың дос құрбыларынан «айырады» және өлең айтады. Күйеу жолдас шеруді басқарады, қолына қамшы алып «зұлым күштерден» жолды тазартады. Ол қыздармен келіссөздер жасайды, оларға жақсылап кәде береді, олар жолды ашады және үйге кіргізеді. Ресейдің кейбір қыстақтарында күйеу жігіт пен оның достары тығылған қалыңдықты тауып алуға тиіс болады немесе оны үлкен ағасынан «сатып алады» [32; 135 б.].

Мұндай салт қазақтарда да болған. Күйеу жігіт ауылға қалыңдықты көру үшін келгенде тұрғындардың бірі өз үйінде қалыңдықты тығып қояды. Бұл үйде қой сойылады және қонақтарды шақырады. Таң атарда қонақтар екі топқа бөлінеді. Біреуі қалыңдыққа келгені, басқасы қалыңдықты тығып қойғаны. Егер қалыңдықтың жағы жеңсе, онда оны кілемге отырғызып үйге алып кетеді. Егер жеңіліс тапса, онда қыз үшін тамаққа тоғыз дана мөлшерінде салып, әртүрлі дәмді ас әкеледі немесе дәмнің құнына сәйкессый береді. Қалыңдықты үйге әкеледі және шымылдықтың артына отырғызады. Қызды тыққандар адам ата-анасынан «қыз қашар» алады. Осы салт-дәстүрлердің бәрі әзіл-қалжыңмен және тапқыр сөзбен өткізіледі. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыңдық қыз ғұмыры біткенін және жаңа, күйеумен өмірі басталғанын түсінеді.

Қыздық ғұмырының «аяқталғанының» бір белгісі күйеуге шыққан қыздың киімінен, әсіресе бас киімінен байқалады. Мысалы, орыс халқында некелескеннен кейін (некеге тұру) және күйеу жігіттің үйіне келген соң қалыңдық шашының сәні мен бас киімін ауыстыру қабылданған. Берілген салт орындалып жатқанда, күйеу жігіт және оның ата-анасы қатысқан, олар өлең айтқан. Бір бұрымның орнына екі бұрым өрілген және басты орай жатқызылған. Үстінен солтүстіктегі әйелдердің бұрынғы бас киімі «кокошник» кигізіледі. Алтайда орыс қыстақтарында қалыңдықты бұрышқа отырғызып қояды, жағалай орамалмен жабады, бұрымын тарқатады және екі бұрымға өреді. Тұрмыстағы әйел «самшура» деген бас киім киген немесе орамал байлаған [26; 142 б.].

Қазақ халқында қыз үйінде болғанда, бұрымдар өру және ұшына шашбау тағу керек болатын. Тұрмысқа шыққаннан кейін жас қазақ әйелдері де, оның мәртебесінің өзгергенінің және оның тұрмыстағы әйелдердің қатарына қосылуының көрсеткіші ретінде, шаштарын екі бұрым қылып өреді.

Қазақтарда бас киім – сәукеле, бөте қымбат болды. Киімнің сыртқы жағы қымбат қызыл шұғамен қапталған, төменгі жағы – құндыз, сусар немесе бұлғын терісімен. Сәукеле алтын және күміс бұйымдармен, сол сияқты асыл тастармен безендіріледі. Төбесінде үкінің қауырсыны болады. Егер оның құнын ақшамен есептесе, онда 2-3 мың рубль (сом) тұратын сәукелелер болды [32; 8 б.].

Келін бір жыл бойы әр мезгілде сәукеле киеді. Сәукеленің астынан алтын жіптермен, оң жағынан қымбат терілермен және ақ жібек жіптермен көмкерген орамал байланады. Қыста тон киетін. Бір жылдан кейін, бала туғанда, сәукеленің орнына орамал немесе кимешек киеді. Негізінен, тұрмыстағы қазақ әйелдерінің бас киімдері кимешек пен жаулық болды. Әр рудың кимешектерінің әртүрлі үлгілері болды. Сақа әйелдерде олар ақ болатын, жас келіншектер қымбат тастармен безендірілген кимешектер киетін.

Орыстың салты бойынша, күйеу жігіт қалыңдықты үйіне әкелгенде, туыстары мен шақырылған қонақтары мылтық ататын, жастарға бидай мен құлмақ шашады. Бұл салт, қазақтар келін келгенде жасайтын «шашуға» ұқсайды. Орыстар қақпаның қасында от жағып, жастарды сол арқылы өткізетін. Ал қазақтарда жас келін отқа май құяды. Бұл бұрынғы отқа табыну мен күшіне сенудің қалдықтары. Ресейдің кей жерлерінде күйеу жігіт пен қалыңдықтың бастарының үстінде нанды екіге бөлген және оларға мәңгі сақтау үшін берген екен. Қазақтарда үйден шығардың алдында, ет пен нанның бір кесегін орамалға орап, қалыңдықтың басынан айналдырған және оны өздеріне қалдырған. Қазақтардың сенімі бойынша, кетіп бара жатқан адаммен молшылық, ырыс және байлық кетпеуі керек.

Орыс халқында некеге тұрғаннан кейін үйге келген қалыңдықтың беті орамалмен жабылады. Той қалыңдықтың бетінен орамалды алудан басталады. Әдетте, күйеу жігіттің әкесі немесе оның туыстарының бірі қолына нан немесе бәліш, кей жерлерде тіптен көсеу алып, қалыңдықтың бетін сонымен ашатын. Нанды жастардың басынан үш рет айналдыратын. Қазақтар бұл салтты осы уақытқа дейін сақтап келеді – келіннің бетін ашу.

Орыс халқының әдет-ғұрпында қалыңдық пен күйеу жігітке той кезінде ас ішуге тиым салынған. Олардың алдына бос тәрелкелер қойылатын, қасықтарға қызыл бау байланатын, ал ішуге арналған ыдыс төңкеріліп тұратын [30; 185 б.]. Берілген салт-дәстүрге ұқсас, қазақтарда жастарға «өлітірі» ет, арнайы сойылған малдын етін жеуге тиым салынған.

Жоғарыда баяндалғандардан келесіні айтуға болады: қазақ халқыныңда, орыс халқының да әлуеттері мен салт-дәстүрлерінде отбасылық мәдениет мәселесінде ортақтық та ерекшелік те бар. Орыс халқының славян халқының өкілі екендігіне, ал қазақтар түркі тілді екеніне қарамастан, қазақ және орыс

халықтарының үйлену тойындағы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында көп ортақтық бар. Осы тақырыпқа қатысты көп мәселелер өздерінің зерттеушілерін күтеді және жан-жақты ізденістерді талап етеді.

### **3.2. Қазақ және орыс халықтарының бала туылуына байланысты дәстүрлері мен салт-ғұрыптарының ортақ белгілері**

Баланың туылуы барлық халықтар үшін өте маңызды, қасиетті және дәстүрлерге бай құбылыс болып саналады. Оған байланысты әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер мүмкіндігінше ерекше сақтықпен, қалыптасқан салттарды ұстана отырып өткізіледі. Себебі, қымбат бағалы сыйы үшін Жаратқанға тағзым ету және ризашылығын білдіру дәстүрі өткізіледі. Әр халықта өмірге нәрестенің келуіне байланысты әртүрлі әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер бар.

Қазақ және орыс халқында әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер хронологиялық ретті, сапалық мазмұнын және салмақтық функционалдығын сақтай отыра, үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең жүкті болғаннан бастап, бала туған кезге дейінгі уақытты қамтиды. Екінші кезең - туылуға дайындық және баланың туылу процесі. Үшінші кезең жаңа туған нәрестемен және оның бір жасқа толуымен байланысты. Қазақ және орыс халықтарының баланың туғанымен байланысты дәстүрлерін салыстырған кезде не анықтауға болады?

Осы тақырыпты зерттеудің көрсеткеніндей, екі халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінде табылған ұқсастық аз емес. Негізінен, ұқсастық сәбиге, отбасына және туыстарға деген қатыстарында байқалады. Осыған байланысты діни нанымдарына және ұлттық ырымдарына сай салт-жораларды өткізудің ерекшеліктері бар.

Сәбидің өмірге келуіне байланысты орыс халқының салт-дәстүрін біз қазақ халқының да салт-дәстүрлерінен таба аламыз. Мысалы, екі халықта да бастапқы кезде ананың аяғы ауыр болуына байланысты тиымдар бар. Болашақ сәби мен ананың денсулығы мен өмірін сақтау үшін оларға мұқият қамқорлық жасайды. Алғашқы кезде жүктілікті факт ретінде көпшілікке дабыра қылмайды, жүкті әйелге кісі жерлеген үйлерге баруға, сондай-ақ шашын қырқуға болмайды. Қазақ халқы салт-дәстүрлерге өте бай. Сәбидің өмірге келуіне арналған көп дәстүрлер бар. Баланың туылуының бірінші кезеңіне байланысты «Құрсақ шашу» дәстүрін еске алуға болады. Сол сияқты, оны басқаша аяғы ауыр әйелдің құрметіне өткізілетін «құрсақ той» деп те атайды [34]. Сақа әйелдер – аналар шағын мереке ұйымдастырады, жақын туыстар жиналады және жас келіншекке ақыл-кеңестер беріледі. Сонымен бірге, болашақ сәби мен анаға қамқорлық ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жүктінің әртүрлі асқа зауқы анықталады, оған қарсы келмеуге және көтеріңкі көңіл-күйіне қолдау көрсетуге тырысады. Қазақтар жүкті әйелдің қандай тамақты таңдауын байланысты, мысал үшін келіннің, болашақ сәбиге қатысты оның қандай адам болатыны туралы өз жорамалдарын жасайды.

Екінші кезеңде, яғни толғақ басталғанда, қазақ халқының дәстүрлерінде «Жарыс қазан» өткізу болған. Келіннің қайын енесі өз қорларынан сақтап

қойған сүр етті шығарады және оны пісіреді. Бұл келіннің жүгінен тезірек арылуын тілегеннен шыққан ырым [35].

Орыс халқының дәстүрі бойынша, ежелден баланың туылу кезеңі жақындауына байланысты, арнайы дайындық жүреді. Көбінесе босану моншада немесе сарайда (қорада) өткізілетін. Әйел өзі моншада от жағатын, онда жалаңаяқ жүретін. Жүктіліктен арылу процесінде барлық байлаулар, түйіндер шешіледі, бұрымдыры бос қоя беріледі, есіктер, пештер, сандықтар және т.б. ашылады. Бұл барлық іс-әрекеттердің мәні, біріншіден адамның адамзат өз халқының бір микрокосмостық жүйесінің бір бөлігі екені туралы және сәбидің жарық дүниеге келуі үшін түйінді шешу қажеттігі туралы ырым. Екіншіден, болашақ ананың босану процесіне көмектесу және жеңілдету.

Тәуіп, баланың туылуы кезінде ежелгі уақыттан сақталып келе жатқан сиқырлы салт жораларды (тұсау кесу, баланың орнын көміп тастау ж.т.б.) және христиандардың салттары бойынша (қасиетті суды шашу, дұға оқу ж.т.б.) жасаған. Сәби өмірінің бірінші сәтінде жасалған салт жоралар, сенім бойынша, сәбиге денсаулық пен ұзақ ғұмыр қамтамасыз етуі тиіс [36].

Қазақ және орыс халқында сәбидің пайда болуымен ата-ананың мәртебелері өзгереді. Анасының киімі өзгеріске ұшырайды, оның міндеттері маңызды болады. Келіннің мәртебесі ананың мәртебесіне ауысады. Барлығы сәби мен анаға қамқорлық жасайды, оларды адамдарға көрсетпеуді жөн санайды.

Орыс халқының келесі әдет-ғұрыптары баланың туғанынан және бір жасқа толған кезеңді қамтиды. Егер, бүкіл әдеттер мен дәстүрлер бала туылғанша адамдардың көзінен аулақта жасалса, енді жариялылық пайда болады. Сәби пайда болған жерде қоғамның барлық мүшелері қатысады және қуаныштарымен бөліседі. Берілген жағдайда сәбиді қоғамға енгізу (шоқындыру, шоқындыру қонағасы, шашын алу) , сол сияқты келіншектің аналық мәртебесін мойындау және нығайту мақсаттары көзделеді. Баланың туылуына байланысты салттар мен дәстүрлер сиқырлық әдет жоралармен бірге жүреді. Баланың тұсауын кесу, суға түсіру халықта сақталып қалған ырымдарға негізделген. Мысалы, шоқындыру күні «кувада» деп аталған, дәстүрлерге байланысты баланың әкесіне тұзды ботқа жегізу салты. Мұнда сәби мен әкенің арасындағы құпия байланыс туралы нанымның іздерін көруге болады. Сол сияқты берілген жағдайда орыс халқының өмірге адам келуі және олардың өмір мен өлім туралы ерте уақыттағы православиелік дүниетанымы туралы айтуға болады.

Орыс халқында баланың туылу процесінің өткен жерін тазалау салты бар, ол «қол сумен жуу» [37]. Берілген әдет-ғұрып бойынша, ана мен балаға саулық және жақсы келешек тілеу мақсатында шіркеу қызметшілерінің көмегімен өткізіледі. Баланы бірінші рет суға түсіргенде, оған және барлық орыс халқына байлық тілеп, суға күміс тиындар салады. Қазақ салтында да ондай әдет-ғұрыптар бар, бірақ қазақтарда сонымен бірге тазарту дәстүрі өткізіледі, демек қазақтар күмістің суды тазартатынына және сәбиді барлық жамандық пен зұлымдықтан қорғайтынына сенген.



Орыс халқында баланың туылуына байланысты баланы қалай киіндіру керектігі туралы түсінік бар. Суға түсіргеннен кейін, сәбиді әкеісінің көйлегіне орайды (міндетті шарты ол ескі және кір болуы). Берілген әдеттен негізгі мәнін аңғаруға болады – бұл әке мен сәби арасындағы байланысты нығайту, сол сияқты әкенің баланың қабылдауы.

«Шоқындыру» және «балаға ат қою» сияқты әдеттермен байланысты сәбиді қоғамға енгізу процесі адамның өмірінде маңызды болып саналады. Орыс халқының сенімі бойынша, шоқындыруды өткізу – бұл адамның екінші рет туылуы. Шоқындырудың арқасында шақалақ барлық жамандықтан құтылады, игі ойлы, таза болады, өйткені жүктілік және жүктіліктен босану лас процесс деп саналатын. Дәл осы уақытта сәбиге есім қою рәсімдері өткізілетін. Балаға есімді шіркеу қызметшісі немесе ата-ананың өздері қоятын. Есім қою әрбір адамның өміріндегі маңызды кез болып саналады. Орыстар сәбиге есім қою арқылы, оны адамдардың қатарына қосатын. Берілген есім адамға өмір бойы тірек болады деп саналады. Әдетте, шоқындыру бала туылғаннан кейін сегізінші немесе қыркыншы күні өткізіледі. Шоқындыру рәсімі аяқталған соң, «әженің ботқасы» мерекесі ұйымдастырылады, дастарқан жайылады, қонақтар шақырылады. Тумаға жақсы тілектер жолданады балаларға ботқа үлестіріледі [38].

Үшінші кезеңге қатысты қазақ халқының әдеттері мен дәстүрлерінің тумаға тікелей қатысы бар. Олар да орыс халқындағы сияқты, жария түрде өтеді. Бұл - бесік той, шілдехана, аят оқып есім қою. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінде ұл туса «ұл туғанға – күн туған», ол асқан қуаныш болып саналады. Ұл отбасының, ұрпақтың, үйдің иесі, жалғасы болып есептеледі. Алайда, кім туғанына тәуелсіз, қыз немесе ұл, ерекше қуаныш болатын және қазақтар бір-бірінен сүйінші сұрайтын. Қуанышты хабарды әкелген адам баланың туылғаны туралы әртүрлі хабарлайтын. Егер ұл туса, онда ол оқиға туралы «ат ұстар» немесе «жылқышы» деп, егер қыз болса, онда «көйлек тігер», «қырық жеті» немесе «сауыншы туылды» деп хабарлайтын. Баланың туылу құрметіне көп қонақ шақырылатын және шілдехана деп аталатын той өткізілетін. Шілдеханаға келгендер «Бауы берік болсын» деп, өз тілектерін айтатын, «шашу» дәстүрін жасайтын. Мерекеде барлық туыстар мен достары, әдемі сөздерден басқа, арнайы дайындалған сыйлықтар әкелетін. Шілдехана тойының мәні (бала туылғаннан кейін қырық күннен кейінгі мереке) жас туманы зұлым күштерден сақтандыру мүмкіндігі, «күзетке», «күзетуге» деген сенім. Сондықтан, кейде мұндай тойды «Шілде күзет» («40 күнін күзету») деп атайды. Берілген әдеттің мәнділігі сәби мен анасының тіл-көзден және жаман сөздерден, зұлым күштерден сақтайтын тұмары. «Шіллә» («чилле») парсы тілінен аударғанда, «қырық» дегенді білдіреді. Қазақ қоғамында, ерте уақыттан бері бала туылғаннан кейінгі бастапқы қырық күн қауіпті саналатын, сондықтан ана мен сәбиге көп адамды кіргізбейтін. Туыстары ана мен сәбиді қамқорлыққа бөлеп пен көңілге бөлетін, оларғасенімді қорған болатын.

Ер жынысты туылған баланы отыз күн бойы, әйел жынысты баланы қырық күн бойы суға түсіретін, уқалайтын, буындарын тартып созатын.

Қырық күннен кейін «қырқынан шығару» рәсімін өткізетін. Берілген нанымға байланысты поцедуралар сыйлы және жақсы көретін адамға тапсырылатын. Осы міндеттемелер тапсырылған адам, бірдің тоғызға сыйлығын дайындайтын және «қырқынан шығару» рәсімін өткізетін..

«Азан шақырып ат қою» белгілі дәсүрлердің бірі болып табылады. «Азан» сөзі араб тілінен аударғанда, «шақыру», «хабарландыру» дегенді білдіреді. Діни түсінікте «Азан шақыру» - намаз өткізу туралы хабарландыру. Қазақ дәстүрлерінде сақталып қалған есім қою мына діни түсініктермен өзара байланысты: «қырқынан шығару» рәсімін өткізу, ауыл ақсақалдарын жинау және соңынан «Азан шақырып ат қою», «қырқынан шығару». Әдетте, жаңа туған сәбиге ат қоюды салиқалы жасқа келген және қадірлі адам жасау керек. Ғұрып «Лә-илла-и-илли-и-иллола, Мұхаммед-расулолла. Мұхаммедтің баласы, сенің атың... (туманың аты аталатын)», үш рет қайталады және осыдан кейін сәбидің құлағына айқайланатын.

Сондай-ақ, баланың өміріндегі өте маңызды дәстүрдің бірі «Бесік той» болады. Жиналған туыстар «Баланы қазақтың бесігіне бөлеу» дәстүрін өткізеді. Бұл дәстүрді өткізгенше, сәбидің кіндігі түсіп, жарасы жазылу керек. «Баланы қазақтың бесігіне бөлегенде», бесік жыры орындалады:

Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем!  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін,  
Байқұтанның құйрығын  
Жіпке тағып берейін.  
Әй-әй бөпем, әй бөпем.  
Ән айтайын, бал бөпем.  
Ән тыңдағын келсе егер,  
Және айтайын, жан көкем...

«Бесік той» негізінен бірінші баланың құрметіне өткізіледі, келесіде, басқа балалар үшін «бесікке салу кәдесін» өткізуге болады.

Қазақтарда тағы «Бесік алып бару» дәстүрі де бар – бұл келіннің ата-анасы олардың қызы тұратын және өзінің тұңғышын туған үйге бесік әкелуі. - бесікті қыздың шешесі дайындайтын. Ол сол сияқты мерекелік дастарқанға әртүрлі сыйлықтар, әшекейлер және тәттілер әкелетін. Сыйлықтың санында тоғыз бағалы зат болуы керек – киім-кешек және сыйлық дайындаушының білгенінше әртүрлі бұйымдархалыққа бесік пен сыйлықтарды көрсету үшін, сыйлы, белгілі әжелер мен әйелдер шақырылады.

Тойға жиналған қонақтар, пайдалы әңгіме жүретін үстелге шақырылатын. Бесікті ашпас бұрын, осы үйдің басқа келіндері «көрімдік» «баланы көргені үшін сыйлық») сұрайтын. «Көрімдікті» бесікті ашқан әйел береді. Әуелі, кезегін сақтай отырып, бесіктің керек-жарақтарын жинап қояды. Содан кейін «шашу» - тәттілер, тиын түрінде сыйлық таратылады. Міндетті түрде отпен аластау рәсімі жасалады және содан кейін ғана баланы бесікке салады. Бәрінен соң бесікті жеті немесе тоғыз затпен жабады. Әрбір зат бір нәрсені білдіреді. Мысалға, көк шапан жабу – бұл бала өскенде тіл

табысқыш, халыққа жақын болуын болуын тілеу. Бесікке дастарқан қою – сәбиге байлық тіле және т.б. Жаңа бесікке «байғазы» (сыйлық) береді. Оны бағалайды, бесік әкелген адамға сый-сияпат береді. Дәстүр бойынша құдағилар бір-біріне сақина, білезік сыйлайды.

Орыс халқының жаңа туған сәбиге байланысты және ертеден сақталып келген тағы бір дәстүрі шақалақты бірінші белбеулеу рәсімі. Ол сәби туылғаннан кейін қырық күннен соң, анасы шіркеуде «тазарту дұғасын өтеу» кезінде өткізіледі

Белбеу мен көйлекті өкіл ана сыйлайды. Ол сәбиге оған дені сау, еңбекқор, әдемі және қайырымды жүректі адам болсын деп тілей отыра, кигізеді. Сыйлықтар таратылылады және мереке басталады. Аталмыш дәстүрдің сақталуы, сірә, орыстардың белбеу зұлым күштерден сақтайтыны туралы нанымымен байланысты болуы мүмкін. Сол сияқты, ол оның діні христиан екенін бейнелейтін белгі болып саналады.

Қазақ халқының тағы қызықтығы аз емес және қажетті дәстүрлерінің бірі ретінде «тұсау кесуді» атауға болады. Бала алғаш рет ағынан тұруға және өмірде өз бетінше қадам жасауға талпынады.

Берілген рәсімді өткізу үшін арнайы ала бау дайындаған, оның пайда болуын «біреудің ала жібін аттамау» түсінігімен байланыстырады. Кейде малдардың шектерін пайдаланған. Баланың аяғын баумен байлайды және арнайы таңдап алынған, жүрісі өте ширақ адамнан бауды кесуін сұрайды. Осы езде өлең айылады:

Қаз, балам, қаз балам,  
Қадам бассаң, мәз болам.  
Қаз-қаз, балам, қаз балам.  
Тақымыңды жаз балам.  
Күрмеуінді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін,  
Қадамыңа қарайық,  
Басқаныңды санайық,

Жіп кесілгеннен кейін баланы қолынан ұстайды және онымен жүгіруге тырысады, «шашу» шашады», жақсы тілектер айтады. Баланың ата-анасы өз сыйлықтарын береді және «бата» алады.

Сол сияқты, орыс халқында да қазақтардың салтына ұқсас әдет бар. Ол бала бір жасқа толғанда өткізіледі және «резать пути» («тұсау кесу») деп аталады. Берілген салтта адамға көрінбейтін тұсауды кесудің қажеттігіне деген сенім бар. Бұл рәсімді отбасындағы ең үлкен адам өткізеді. Ол көрінбейтін тұсауды кесетін.

Осылайша, бала туылуына байланысты әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қазақ және орыс халқының дүниетанымында айрықша орын алады. Солардың арқасында сәби қоғамның мүшесі ретінде қабылданады және оның келешек өмірге аяқ басуына негіздер салынды. Олар ерте уақыттан бері сақталған, қазіргі уақытта біз оның жеке көріністерін бақылай аламыз. Қазақтар сияқты орыстардың да өз мұраларында, ата-ананың балаға деген

сүйіспеншілігін және оны қорғаудың әр түрі мен әдістерін көрсететін, ортақ және әртүрлі әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер бар.

### **3.3. Қазақ халқының қонақжайлық пен өзара жәрдем дәстүрі Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығының бастау көзі ретінде**

*«Біздің топтасқандығымыз және жасампаз қуатымыз, тұрақтылықты сақтауға ұмтылысымыз, азаматтық және жалпыұлттық келісім, елімізде бейбітшілік және тыныштықты қамтамасыз етуіміз Қазақстанның гүлденуі мен амандығына өрлеуінің басты кепілі»*

*Н.Ә. Назарбаев*

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдық жылында, өткендегі тарихтан сабақ алу, азаттық алудың оңай емес жолдарын білу және ата-бабаларымыздың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін есте сақтау өте маңызды. Тек қана қазақ халқы үшін ғана емес, сонымен бірге бір тағдырмен біріккен басқа халықтар үшін де тәуелсіздік үлкен жетістік болып табылады. Егер тарих ағымына үңілсек, онда тәуелсіздіктің ғасырлық арман және сонымен қатар, Алаш алыптарының қанымен жылыған қолға қару алған күрес болғанын еске түсіреміз Біздің еліміздің тәуелсіздігін қорғау және болашақ ұрпақ үшін сақтау керек.

Қазақстан Республикасы – көп ұлтты және көп конфессионалды мемлекет. Мәңгі елдің кепілі біртұтас мақсат, біртұтас мүдде, бірыңғай болашақты сақтау және діни сенімдерге өзара көмек пен құрмет, тарихи тағдырдың, ұлттық мәдениеттің, әртүрлі этностың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің бірлігін ұғыну болып табылады. Қазақстанда барлық этностардың мәдениеті гүлденіп келеді және өзара бірін-бірі байытады. Қазақстанның барлық халқының Наурыз, Құрбан-Айт, Рождество, Ораза айт, Пасханы мерекелеу дәстүрін үлгі ретінде атауға болады.

Егер қазақ халқының бай тарихына үңілсек, онда әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің, әрбір кезеңнің жақсы және айрықша жетістіктерінің берілгенін және олардың осы уақытта қалай сақталғанын қадағалауға болады. Әкеден балаға аманат сияқты тапсырылған қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері Қазақстанда тұратын басқа этностардың қызығушылығы мен мақтанышын туғызуы мүмкін.

Қазақ халқының ата-бабаларының қанымен сіңген қонақжайлығы мен өзара көмек көрсетуі – бұл біздің елдің барлық халқының ерекше қастерлейтіні және сыйлайтыны. Тарихтан қазақтардың қонақжайлықты жоғары бағалағаны белгілі. Ауылға келген бейтаныс кез-келген үйдің қонағы бола алды, тамақтандырылған және ықыластан да шет қалмаған. Дәстүр бойынша «құдайы қонаққа» қамқорлыққа ерекше көңіл бөлген. Қазақтар үйге қонақ келсе, рыздық, табыс пен бақыт ала келеді, өзінің тағдыры жақсарады және молшылық болады деп есептейді. Әр жолаушының жолда кездескен ауылға тоқтауына және тамақтануға, шөлін басуға, дем алуға, «құдайы қонақ» болуға құқысы болды [38]. Әрбір үй қонақты құшақ жайып қарсы

алуға, сыйлауға, құрмет көрсетуге және оны шығарып салуға міндетті болды. Қонаққа деген ерекше ықылас адамдардың арасындағы өзара түсінушіліктің, көмек көрсетудің және бір-біріне деген сыйластық пен ықыластың далалық нормаларын сақтауы да үй иесінің адамгершілігінің, ізгілігінің және ақ пейілділігінің куәсі болды. Мұндай қасиеттер қазақ даласында ерте уақыттан бері қалыптасқан, дәстүрге айналып, олар моральдық-әдептік нормаға, күнделікті өмірдің шартына айналды.

Ғылым әлемінің өкілдері өздерінің ғылыми еңбектерінде және шетелдік саяхатшылар өз жазбаларында қазақ халқының мәдениеті, адамгершілігі және дәстүрлері туралы тарихтың әр кезеңінде жазған. Бұл тарихи жәйт.

Адамзаттың барлық уақытта көкейтесті мақсаттарының бірі әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің, ұлттық құндылықтарға құрмет көрсетудің сақталуы болып анықталғанына ешкім дау айта алмайды. мұндай процесс тек қана бір халыққа, ұлтқа ғана емес, ол барлық адамзатқа тән болған. Қазақ халқының көп жүзжылдықтар бойы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа берілген және сақталған мұрасы баға жетпес және ерекше мақтаныш туғызады. Ұлттық моральдың дәстүрлері, ізгілік, ақ ниеттілік, инабаттылық, парасаттылық, меймандостық және қонақжайлық қазақ халқының шынайы белгісі болып табылады. Дәстүр бойынша, қонақ қабылдау, олар үшін ас және сый-сияпат дайындау ұлттық мәдениеттің салт жорасына сәйкес жасалады. Берілген жағдайда ешкім тілі, діни наным, ұлты, сыртқы белгісі бойынша бөлінбейді. Бәрін құрметпен қарсы алады, достық көңілін көрсетеді және шын көңілімен ас ұсынады.

Қазақтар қонақтар үйге өз дырысымен келеді деп санаған, сондықтан оны ең құрметті орынға отырғызған, үйде бардың бәрін берген, оған құдайдай қараған. Мысалы, атақты Махмут Кашғари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде: «Қонақ келсе - құт келер», «Қонақты құрметте, даңқын көпке жайылады» деп жазған [39].

Қонақты ақ пейілмен қарсы алу, арнап мал сою және ас дайындау – қазақ халқының мырзалығының және өзіндік ерекшелігінің белгісі. Қазақтар үнемі қонақ келіп қалу жағдайына ет және қонақ қабылдауға қажетті тағамдарды сақтаған. Қазақ халқында әр үй қонақ келуін қалаған. Мысалы, «Құдайым би қылмасаң да би түсетін үй қыл» деген [40]. Қонақ келуі абырой болып есептелген, бұл бақыт еді. Қонақтар да табақ толы, асы таза, тәрбиелі балалары бар қонақжай үйге түсуге тырысатын. Әр қонаққа оған арналған малдың бірін соятын. Ұлттық асты дайындау сүйектердің атауын және оларды қонақтарға таратудың ережесін білуді қажет ететін. Үлкендерге – бас немесе жамбас, күйеу балаға - асық жілік немесе төс, балаларға – құлақ не бүйрек, ал жас әйелдерге – тіл не көмей беретін.

Қонақтан «Қонақ кәде» сұрайтын («Қонақжайлықтың, қонақты өлең айтуға, домбыра тартуға міндеттейтін кәдесі»). «Қонақ кәде» - бұл өзінің шығармашылық қабілетін көрсетуін немесе қызықты оқиғалар айтып беруін сұрау. Мұндай тілектер қонақтың көңілін көтеру, қабілетін бағалау үшін үй иесінен шығатын. Сондықтан қырда балаларды өнердің бір түрін үйренуге:

домбыра тарту, өлең айта білу, айтысқа қатысу, шешендікке және басқаны игеруге ерте тартатын.

Қонақтардың бірнеше түрлері болатын: кездейсоқ қонақ, арнайы қонақ, құрметті қонақ, шақырылмаған қонақ. Қандай қонақ келмесін, қазақтар оған өз көңіл-күйін көрсетпей, «Кел, мақтап жүреді екенсің, төрге шық» деген сөздермен үстелге отырғызады [41].

Бүгінгі күнге дейін ежелге дәстүрлер өзінің жалғасын тапты. Қазақтар еркін түрдегі мерекелер, тойлар: шілдехана, бесік той, тұсау кесу, сүндет той, тілашар, қыз айттыру, сырға салу, құда түсу, ұзату, үйлену, қоныс алу және басқаларын да өткізе білген. Бұларда әрқашан тек қана қазақтар ғана емес, сонымен бірге басқа ұлттың да қонақтары толы. Қазақтардың мейірімділігі мен мырзалығында шек жоқ. Қазақстан халқы шын мәнінде біртұтас халық болды. Оған қазақ жерінде тұратындардың барлығының қайғысы мен қуанышы, мерекелері мен жаназалары, естеліктері мен армандары ортақ. Біз бәрі үшін алаңдаймыз, біз бірге қуанамыз, бірге қайғырамыз. Мысалы, Қазақстанның барлық халқы Наурыз, Құрбан-Айт, Рождество, Ораза айт, Пасханы тойлайды. Ұлтына, діни нанымына, партиялық көзқарасына карамастан, барлығы бірін-бірі құттықтайды, қонаққа шақырады, өзара сый-құрмет көрсетеді.

Наурыз, көктемгі күн мен түннің теңелу күні, басты мерекелердің бірі болып саналады. «Наурыз» сөзі парсы тілінен (нау-жаңа, руз –күн) шыққан. Халықтың әдет-ғұрпы бойынша бұл табиғаттың оянуымен және әр адамның өмірінің жаңа кезеңінің басталуымен байланысты сауық-сайран мен қуаныштың мезгілі. Бұл мерекеде міндетті түрде жеті компоненттерден, әртүрлі азық-түліктен тұратын дәстүрлі тағамдар дайындайды. Бұл - бәрі ұнататын Наурыз-көже. Күш, ептілік және ерлік қабілеттері сыналатын жастардың ойыны өткізіледі. Сол сияқты, Қазақстанның барлық халқы Наурыз мерекесін кешіруге және кешірілген болып танылуға арналған тамаша мүмкіндік деп қабылдайды. Көпшілігі берілген мүмкіндікті мерекенің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде санайды, адамдар ескі өкпе-ызаларын, дау-жанжалдарын, қақтығыстарын және түсініспеушіліктерін ұмытуға тырысады. Ортақ тіл табуға, жан тыныштығын табуға, дені сау және туыстарына, достарына, таныстарына ықыласты болуға тырысады. Болашаққа деген сенім мен үміттің кейпі сияқты Наурыздың келуімен көктемгі егіс жұмыстарына және көктемгі тойларға қызу дайындық басталады. Тарихтан қазақтардың жайдарылығының, қайырымдылығының, қонақжайлығының және татулығының мысалдары аз емес, олар қазақ халқының өмірінің нормасы болып табылады [42].

Қазақстанда жүзден астам әртүрлі ұлттар тұрады, көпұлтты мемлекет қалыптасқандығын бәріміз түсінеміз. Қазақ халқының өмірінде жарқын да тарихи қасірет беттерінің болуы - бұл тарихтың сындарды кезеңдері саналады. Олардың кейбіреулері XVIII – XX ғасырлардағы патшалық әкімшілік пен кеңес үкіметінің отарлық іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Сөйтіп, XVIII ғасырдың басында патшалық мемлекет басында елдің батысында, кейін солтүстік шығысында Қазақстанмен шекарада әскери

бекіністердің құрылысын бастады. Әскери қондырғыларға орыс казак әскерлері қоныстанды. Олар Қазақстанның аумағында орныққаннан кейін, ХІХ ғасырдың 60-жылдарында орыс шаруаларының басында ерікті, артынан жаппай қоныстануы басталды. 1881 жылы Жетісуға ұйғырлар мен дүнгендер көшірілді. Кеңес үкіметі кезеңінде жер аудару саясаты кең тарады. Нәтижесінде 1938-1940 жылдары Қазақстанға корейлер, поляктар, немістер, Кавказ халықтары жер аударды. Ұлы Отан соғысы кезеңінде фашист басқыншыларының шабуылына тап болған кеңестік республикалардың халықтары көшірілді. Оларды Қазақстанда туған және жақын адам сияқты қабылдады, оларға бүкілхалықтық көмек және қолдау көрсетілді. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде көмек көрсету мақсатында барлық Кеңестер Одағынан мыңдаған ықылас білдірушілер келді. Ауқымды тарихи оқиғалардың салдарынан қазақ жері көп халықтар үшін туған Отаны болып қалды. Қазіргі уақытта олар Қазақстан Республикасын өз Отаны деп санайды және қазақ халқының қонақжайлығы мен қайырымдылығын ерекше баса атайды. Қазақтар өз кезегінде, біз бәріміз Қазақстанның халқы екенін сезіне отыра, тарихи ең күрделі оқиғалар кезеңінде өздерінің ақкөңілдік, қайырымдылық, адалдық, отаншылдық сияқты тамаша қасиеттерін және барлық этностармен достық пен келісімде өмір сүру ниетін жоғалтқан жоқ. Бұл қазақ халқының ерекше мақтанышы, ойлауының және өмірді қабылдауының өзіндік ерекшелігі.

Бәрі Қазақстан Республикасының көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекет екенін түсінеді. Біздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін барлық этностар өздерінің ұлттық құндылықтарын, әсіресе әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін жинауы, қадағалауы, сақтауы және насихаттауы керек. Себебі олар ұлттық тұтастыққа, достықты дамытуға, өзара түсіністік пен өзара көмекке, үлкенге және отбасына деген құрметке, дені сау, өз Отанының игілігі үшін еңбек етуге қабілетті тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақстан Республикасында бүкілхалықтық қолдау ұстанымының маңызды мәні бар. Біз, қазақстандықтар біртұтас халықпыз.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - бұл біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» екенін баса айтқанда, барлық қазақстандықтардың есіне салып отырады. Және «барлық қазақстандықтарды ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға» шақырады, себебі «бұлар біздің мәңгілік құндылықтарымыз» [43].

Тек осы ақиқат шындықтарды қадағаласақ қана, біз «мәңгілік халық, мәңгілік астана және мәңгілік мемлекет» туралы айта аламыз.

Қазақстанда қанша этнос болса, сонша түсініктері, діни нанымдары, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері бар. Дін ұлы күш ретінде қабылданады. Ол адамға жайлылық және ішкі рухани тазалық береді, адамдық және моральдық-әдептілік нормаларды дамытады, шыдамдылыққа және жарқын, тамаша және күнді болашаққа шақырады. Әртүрлі халықтардың тарихи оқиғалары сендіре білудің күшінің қандай екенін дәлелдейді. Діннің

аркасында көп мемлекеттер гүлденді, және керісінше қанша ел дұрыс түсінбеушіліктен немесе халықтардың рухани мәдениетінің төмендігінің құрбаны болып отырды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша: «Дін – бұл тек қана жеке адамға ғана емес, тағы басқа адамдардың тұтас қауымдастығына да өмірдің шарасыз жүрістеріне тыныштандыру және келісушілік беретін ұлы күш. Бір де бір дін адам туғаннан бастап бақытты, лайықты өмірге құқығы бар екенін жоққа шығармайды. Алайда, өкінішке орай, бұл құқық үнемі іске асырыла бермейді».

Барлық діндер адамды әділдікке, мейірімділікке, жақынына жан ашуға үйретеді. Алайда адамның рухани ресурстары, өмірдің ең асыл мәніне басып кірген ең жаңа технологияның сынақтарын: гендік инженерия, клондау, бактериологиялық және психотроптық қарудың басымдылығы өтіп жатыр. Кез-келген діннің міндеті - осы рухани ресурсты қорғау және қолдау, қайырымдылық пен зұлымдықтың нақты түсініктерін анықтау, қарапайым адамға күрделенген, ақпараттарға толы дүниеде бағыт беру. Бұл түсініктер ескіре алмайды. Мемлекет басшысы «Біздің күшіміз бірлікте, өзара түсінушілікте және достықта» деп айтудан қажымайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында айтылғандай, біздің елімізде, барлық қазақстандықтарды біріктіретін және болашақ біздің еліміздің іргетасын қалайтын, басты құндылықтар жасалған. Олардың ішінде: біздің қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім. Тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы. Жалпыға бірдей еңбектің қоғамы. Жоғары руханият [45].

Қазақ халқының әр оқиғалары көне ертеде туған қайсыбір дәстүрлермен байланысты. Халықтың тарихи сақталған әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері адамның өмір жолын мағынамен толықтырады, оған алға, асқақ армандарына жетуге көмектеседі. Қазіргі таңда жастардың халықтық дәстүрлерге сүйенуге ұмтылушылығын ояту маңызды, себебі олар адамгершілік мағынаға толы.



## Қорытынды

Қазақстан Республикасына ең маңыздысы, Қазақстан халқының мемлекеттік қауіпсіздікті және бірлігін сақтау, жалпы ұлттық идеяларды және тарихи сананы қалыптастыру, тәуелсіз Қазақстанның мәдениетін, дәстүрлерін, тілін және әдебиетін жинау болып табылады. Бұл мәселелерді шешу ұрпақтардың тарихи сабақтастығын қалыптастыруға және біздің Отанымыздың әрі қарай дамуына қажет, себебі біз әлем елдерінің өте дамыған, бәсекеге қабілетті елдерінің отыздығына енгіміз келеді. Көптеген әйгілі елдер, мысалы, Жапония, Ұлыбритания, Қытай және басқалары ешуақытта өз тарихынан, мәдениетінен ұлттық дәстүрлерінен шеттеп қалған емес. Олар оны оқып-үйренген, оларды жаңа мазмұнмен толықтырған және өздерінің бұрынғы өткендерінен тәжірибе алған. Жас ұрпақты өздерінің атақты тұлғаларының батырлық істерінің үлгісінде тәрбиелуге үлкен көңіл бөлген, оларға өз халқының тарихындағы қайғылы тарихи оқиғалар туралы, жарқын болашаққа деген үміттері мен ұмтылыстары жайында жаны ауыра әңгімелеген. Жарқын болашаққа деген үміттері мен ұмтылыстары дамыған елдің халықтары өздерінің тарихи тамырларын жоғалтып алудан қорыққан. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев және үкімет мұны жақсы түсінеді және Қазақстанның бүкіл халқының зияткерлік дамуына барлық жағдайлар жасайды. Біз бәріміз 2016 жылдың айрықша жыл екенін білеміз. Бұл - Тәуелсіздіктің 25 жылдығы, жарқын тұлға, отаншыл және ғалым Ә.Бөкейхановтың туғанына 150 жылдығы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы, 1986 жылғы жастар мен студенттердің Желтоқсандық көтерілістерінің 30 жылдығы.

Елдің жас ұрпақтары Қазақстан халқының жалпы тарихын, оның көп үлгілі мәдениетін және ұлттық дәстүрлерін білуі тиіс. Сондықтан «Қазақ халқының тарихындағы негізгі оқиғалар жалпыұлттық идеяның қалыптасуының шарты ретінде» атты 1-тарауында қазақ халқының батырлық өмірінің кезеңдері (VI ғас. –XII ғғ.) түркі мемлекеттерінің Ұлы түрік қағанатынан Дешті-Қыпшаққа (Қыпшақ елдері, Қыпшақ далалары) дейін Ұлы дала аймағында құрылуынан бастап баяндалған. Зерттеушілер түркі мемлекеттерінен кейін, оның құрылуының 550 жылдығын мерекеленуін еске ала отырып, Қазақ хандығының құрылуына және оның нығаюына, М.Х.Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегіне және ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың айтулы күнге арналған мерекелік жиналыста сөйлеген сөзіне ерекше назар аударады. Қазақ халқының тарихында трагедиялық жағдайларда болды Мемлекеттердің тарихында мықты мемлекеттің құрамында отар ретінде, метрополиясы түрінде өмір сүруі еш уақытта жайлы болған емес. Қазақ халқы мемлекеттігін, өзінің тәуелсіздігін жоғалтты. Көптеген танымал тұлғалар өз халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресті. XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін олардың есімдері көрсетілген.

XX ғасырдың басында ірі тарихи оқиғалар өтті – қазақ халқының азаттық пен тәуелсіздік алуға үмітін оятқан үш ресейлік төңкерістер (1905 –

1907 жж., Ақпан және Қазан 1917 ж.). Алаш зиялыларын, Алаш партиясын, Ұлттық-аймақтық Алаш автономиясын, «Алаш-Орда» үкіметін құрды. Бірақ, жеңген кеңестік төңкеріс большевиктердің билігіне әкелді. Олар КСРО-ын құрды және құрамында Қазақстанның аймағы бар жаңа социалистік-мемлекет құрды. Бұл туралы «Қазақстан КСРО-ның құрамында» деген тараудан оқуға және ой жүгіртуге болады.

Енді тек қана қазақтар үшін емес, қазақстанның барлық халықтары үшін қайта жарқын тарих туындады. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның тарихы. Тәуелсіздікке қол жеткізу, астананы көшіру, 1992 жылы азат Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін қабылдау – осының бәрі бір жерге біріктірілген, біздің республиканың жаңа тарихының қасиетті парақтары. Осыған байланысты, бірінші тараудың Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауларына, қазақ халқының жетістіктеріне, тәуелсіздік алудың тарихына және Қазақстан халқының идеяларына, үміттеріне, армандарына және сенімдеріне басты көңіл бөлінген бір тарауы қайта Жаңғырған Ұлы дала еліне арналған.

Белгілі болғандай, мемлекеттік рәміздер мемлекеттік егемендіктің, әрбір азаматтың мызғымастығы мен мақтанышының көрінісі болып табылады. Мемлекеттік рәміздердің мәнділігін анықтай келіп, елдің Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев : «Барлық уақытта және барлық халықта мемлекеттік пен тәуелсіздіктің терең жинақталған көрінісі мемлекеттік рәміздер болған. Бізде ұлы, идеялық бай Ту, Елтаңба және Гимн бар» екенін айтты. Бұл жерде тағы тәуелсіз Қазақстанның бірінші мемлекеттік рәміздерін жасаудың бүкілхалықтық сипатқа ие болғанын ескерту маңызды. Асыра сөйлемей, өткізілген байқау қазақстандық отаншылдықтың жарқын куәсі болғанын айтуға болады. Бүгінгі күндері сыйлау және құрметтеу белгісі ретінде әрбір қазақстандық Гимнді орындау кезінде қолын жүрегіне қойып тұрып, мақтанышпен қарайды және берілген дәстүр ерте балалық шақтан, мектеп орындығынан басталады. Мемлекеттік рәміздерге қарым-қатынасы арқылы жас ұрпақта Отанға деген махаббат, ар, ұят, еліміздің болашағына деген жауапкершілік, мемлекетке деген құрмет сияқты адамгершілік құндылықтар қалыптасады.

Қазақ халқының бай өткен өміріне, ұлы үміттің ақталулары және отаншылдықтың табандылығы негізінде, Қазақстан осы елде тұрып жатқан этникалық және конфессионалдық топтар арасында қарым-қатынастардың бірегей үлгісін жасай алды. Олардың ішінде ең негізгісі болып, қазақ халқының республиканың басқа халықтарының дәстүрлеріне және діни сенімдеріне құрметпен қарауы, республиканың ұлттары мен ұлыстарының өзіндік ұлттық ерекшелігін, олардың дәстүрлі ұлттық және діни әдет-ғұрыптарын ұстай отырып, сақтауға ұмтылуы болып табылады. Сондықтан, ортақ ұлттық мүдделердің, дүниетанымдық қондырулардың және тұрмыстық дәстүрлі мәдениеттің алаңын іздеу-қазақ пен орыс халқының арасында ежелгі заманнан бері ең сенімді және берілген достар сияқты иық тіресіп жүргендей, халықтарды топтастырады. Әлбетте, екі халықтың өмірге деген ұқсас дәстүрлік көзқарастары достық пен келісімнің 25 жылдығының

туылуына себеп болды. Осыған байланысты, үшінші тарау тарихта екі халықтың ұлттық дәстүрлерінің және әдет-ғұрыптарының ортақ қалыптасуын іздеуге арналған. Орыс пен қазақ халқының үйлену тойларының әдет-ғұрыптары және салттары, отбасының, қоғамның, мемлекеттің өмір сүруінде – балалар біздің қазіргіміз және болашағымыз екені туралы астын сыза айтып отырып, жеке қарастырылған. Сондықтан, көне кездерде пайда болған біздің ата-бабаларымыздың жаңа отбасының пайда болуына, күнделікті өмірдің ережелеріне, дәстүрлеріне және нормаларына қалай сенімсіздікпен қарағанын еске түсіру қызық болады. Сондай-ақ, берілген тарауда қазақ пен орыс халықтарының, баланың туылуына байланысты, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ортақ белгілері туралы баяндалады. Өмірге жаңа адамның келуі бұл ғажайып. Сондықтан әлемнің барлық халықтары қуана және толқына, оған мейірім мен бейбітшілік, бақыт пен ырыздық тілей отыра, баланы өз білгенінше қарсы алады. Қазақ халқында да, орыс халқында да болашақ ана мен оның сәбиіне қамқорлық пен көңіл бөлудің, туыстардың баланың туылуына көзқарастары туралы, әдеттері, дәстүрлері, сенімдері және салт-жоралары туралы мәселені шешуде ортақ дүние көп.

«Қазақ халқының қонақжайлық пен өзара жәрдем дәстүрі Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығының бастау көзі сияқты» деген тарауда автолар қазақ халқының қонақжайлығын әдемі тарих және де тарихи жәйт ретінде қарастырған. Біздің қазіргіміз және болашағымыз үшін оның қайнар көзі, мазмұны және маңыздылығы, себебі Тәуелсіз Қазақстанға – біздің ортақ Отанға – достық, топтасқандық, бірлік және өзара көмек керек. Қазіргі уақытта Қазақстан халқының сүйенетіні, қазақ халқына үнемі тән осы тамаша қасиеттер. Мемлекеттің Елбасы, Ұлттың көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев өз сөздерінде және Қазақстан халқына Жолдауларында бірлікке және жалпыхалықтық келісімге, келісімділікке және жасампаздыққа шақырады.

Осылай, өткенді және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, жас ұрпақтың халықтардың мәдени мұраларын сақтау және игеру жолымен халықтар арасындағы достықты нығайтуға бағытталған, Елбасының жасампаздық қызметі барлық Қазақстан халықтарының 25 жылдық бірлігі мен келісімінің іргетасы болды. Және бұл қазақстандық жол, болашаққа жол болып табылады.

## Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы [http://www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/poslani\\_e-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiVa-kazahstan-2050-novVi-politicheskii-](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/poslani_e-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiVa-kazahstan-2050-novVi-politicheskii-)
2. 10 ғаламдық шақырулар <https://strategV2050.kz/ru/page/global10/>
3. Қазақстан тарихы (өте ерте уақыттан біздің заманымызға дейін). В 5 томдық. Т.2. – Алматы: Атамұра, 2010.
4. Жолдасбеков М. Тастар сөйлейді. Камни заговорили /История 16-18 вв./ – Семей : Абайдың халықаралық клубы, 2007. –211 с.
5. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. - Астана, 2003. – 392 б.
6. Омарбеков Т.О. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 192 б.
7. История КазахТана. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 432 с.
8. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. - 616 б.
9. Н.Назарбаев: Қазақстан әлемнің барлық елдерімен үнемі жақсы қарым-қатынастар жасайды <https://strategV2050.kz/ru/news/25877>
10. Кәрібаев С.С. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Ғылыми монография. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
11. Ерофеева И. В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы: «Санат», 1999. – 336 с.
12. Прошлое КазахТана в источниках и материалах. 2-е изд. – Алматы: Қазақстан, 1998. Сс.2. – 350 с.
13. Мәшімбаев С.М.Қазақ хандары мен Ресей арасындағы елшілік-саяси байланыстар тарихы (XVIII ғасырдың 30-60 ж.)// Дүниежүзі және Қазақстан тарихының кейбір мәселелері (зерттеулер мен мақалалар) Алматы, «Қазақ университеті» 2010. 161-167 б.
14. Хрестоматия по новейшей истории КазахТана (1917-1939 гг.). Т1. Алматы: Санат, 2002. – 408 с.
15. Новейшая история КазахТана (1939-2005 гг.): Хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 410 с.
16. Мы все – одна страна, один народ [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31493979](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31493979)
17. Алаш идеясы: Отаршыл Ресейден тәуелсіз Қазақстанға дейін [http://e-historV.kz/kz/project/view/13?tVpe=publicationproject&material\\_id=90](http://e-historV.kz/kz/project/view/13?tVpe=publicationproject&material_id=90)
18. Қазақстан Республикасының Конституциясы . – Алматы: Юрист, 2012. – 44бс.
19. Ұлттық тарихтың қиындықтары мен келешегі <http://e-historV.kz/ru/contents/view/98>
20. 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

<http://www.akorda.kz/ru/addresses/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-30-noVabrVa-2015-g>

21. Қазақстан жаңа жаһандық шындықты: Өсім, Реформалар, Даму <http://www.kazpravda.kz/fresh/view/kazahstan-v-novoi-globalnoi-realnosti-rost-reformi-razvitie/?print=Ves>

22. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің тарихи негіздері <http://e-historV.kz/ru/publications/view/621>

23. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің Күнін мерекелеу туралы <https://egov.kz/cms/ru/law/list/P1500001186>

24. Біздің отандастарымыз Қазақстан туын 4 мың рет алып өтті. <https://www.zakon.kz/4797338-4797338-den-gosudarstvennVkh-simvolov.html>

25. Шәлекенов У.Х. Қазақтың жанұясының кейбір мәселелері // Зерде. -1993. - № 6. - 51-58 б.

26. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). - Алматы: Ғылым, 1996. - 288 б.

27. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- нач. XX в.). - Алма-Ата: Ғылым, 1991. -213 с.

28. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. - Алматы: Өнер, 1992. - 80 б.

29. Балашов Д. М., Марченко Ю. И., Калмыкова Н. И. Русская свадьба. - М.: Современник, 1985. - 402 с.

30. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. - 1994. - № 16. - С. 11-20.

31. Соколова А. Л. Традиции русской народной свадьбы. - М., 2014. - 292 с.

32. П. Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. - 1878. - № 9. - С.23-46 .

33. Казахи: Историко-этнографическое исследование / Ред. Г.Е.Тайжанова.- Алматы: Қазақстан, 1995.- 352с.

34. Салт-дәстүр сөйлейді: отбасы хрестоматиясы / құраст. : С.Бопайұлы, С.Керімбай, М.Төлеген, Ә.Нәби А.Тасболат.- Алматы: Орхон, 2014.- 288 б.

35. Левшин А.И.Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / Под общ.ред.М.К.Козыбаева.- Алматы: Санат, 2009.- 656 с.

36. Кабатов С. А. Первичный анализ обрядовых действий, связанных с рождением ребенка, в среде сельского населения Костромского Поволжья XIII–XVIII вв. //Ярославский педагогический вестник, 2014.- № 4 – Том I (Гуманитарные науки). 12-16 с.

37. Безгин В.С. Крестьянская повседневность (традиции конца XIX – начала XX века). М.-Тамбов: Изд-во Тамс. гос. тех. ун-та. 2004. 304 с.

38. Артықбаев Ж. О., Сабданбекова Ә. Ә., Елемесов Ә. Қ., Дауенов Е. Н. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: «Кереку», 2008. – С.1. – 345 б.

39. Арғынбаев. Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005. – 216 б.

40. Әжіғали Е т. с. Салт дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары. / Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ред. –Алматы: Арыс. Біртұтастығы мен ерекшелігі, 2005. –Т. 1. – 356 б.

41. Калиев С. т. с. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Рауан» 1994. – 122 б.

42. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 132 б.

43. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XX сессии Ассамблеи народа Казахстана «Казахстан - 2050: один народ, одна страна, одна судьба» <https://strategy2050.kz/ru/president/9/>

44. Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее [http://www.inform.kz/ru/kazahstanskiV-put-2050-edinaVa-cel-edinVe-interesV-edinoe-buduschee\\_a2663765](http://www.inform.kz/ru/kazahstanskiV-put-2050-edinaVa-cel-edinVe-interesV-edinoe-buduschee_a2663765)



Министерство образования  
и науки Республики Казахстан



Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева



Научно-исследовательский  
центр «Молодежь»

# **ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА И НАЦИОНАЛЬНОЕ ДОСТОЯНИЕ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА**

Методические материалы  
для целевой группы молодежи

**Астана, 2016**



**Методические материалы «Историко-культурное наследие казахского  
народа и национальное достояние независимого Казахстана»  
приурочены к празднованию 25-летия независимости  
Республики Казахстан  
«25 лет Единства и Согласия»**





**25 значимых событий из истории Казахстана,  
отражающие достижения Независимого Казахстана**

26.	16 декабря 1991 года	Провозглашение государственная независимость Республики Казахстан
27.	29 августа 1991 года	Заккрытие Семипалатинского ядерного полигона
28.	1 декабря 1991 года	Первые всенародные выборы Президента Казахстана
29.	2 марта 1992 года	Вступление Республики Казахстан в Организацию Объединенных Наций (ООН)
30.	7 мая 1992 года	Создание самостоятельных Вооруженных сил Республики Казахстан
31.	4 июня 1992 года	День утверждения Государственных символов Республики Казахстан – Герба, Флага, Гимна
32.	15 ноября 1993 года	Введение в обращение национальной валюты Казахстана - тенге
33.	6 июля 1994 года	Принятие постановление Верховного Совета Казахстана о переносе столицы из Алматы в Акмолу
34.	30 августа 1995 года	Принятие действующей Конституции Республики Казахстан на всенародном референдуме
35.	1996 год	Участие независимого Казахстана в летних олимпийских играх
36.	11 октября 1997 года	Принятие стратегии «Казахстан-2030»
37.	6 мая 1998 года	Подписание указа Президента Казахстана о переименовании столицы республики г. Акмола в г.Астана
38.	10 октября 2000 года	Подписание главами государств (Казахстан, Россия, Белорусь, Киргизия, Таджикистан) Договора об учреждении Евразийского экономического сообщества в Астане
39.	30 августа 2002 года	Воздвигнут монумент «Астана-Байтерек»
40.	6 июля 2008 года	Установлен новый государственный праздник – День столицы Казахстана - Астаны
41.	24-25 февраля	Проведение Национальной переписи

	<b>2009 года</b>	<b>населения Казахстана</b>
<b>42.</b>	<b>3 октября 2009 года</b>	<b>Создание Тюркского совета</b>
<b>43.</b>	<b>1 января 2010 года</b>	<b>Начал действовать Таможенный союз на территории трех стран – Казахстана, России и Беларуси</b>
<b>44.</b>	<b>1 января 2010 года</b>	<b>Казахстан стал председателем Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ)</b>
<b>45.</b>	<b>28 июня 2010 года</b>	<b>Состоялась торжественная церемония открытия первого в Казахстане университета международного уровня - «Назарбаев Университет»</b>
<b>46.</b>	<b>30 января 2011 года</b>	<b>В Астане стартовали VII зимние Азиатские игры</b>
<b>47.</b>	<b>14 декабря 2012 года</b>	<b>Послание Главы государства народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050: новый политический курс состоявшегося государства»</b>
<b>48.</b>	<b>2013 год</b>	<b>Казахстан вошел в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира</b>
<b>49.</b>	<b>29 мая 2014 года</b>	<b>В Астане был подписан договор о создании Евразийского Экономического Союза (ЕАЭС)</b>
<b>50.</b>	<b>27 июля 2015 года</b>	<b>Казахстан официально вступил во Всемирную торговую организацию (ВТО)</b>

## Содержание

<b>Введение.....</b>	<b>58</b>
<b>Глава 1. Основные события в истории казахского народа как условие формирования общенациональной идеи</b>	
1.1. Великая степь в эпоху великих завоеваний.....	60
1.2. Образование Казахского ханства и его укрепление.....	63
1.3. Присоединение Казахстана к Российской империи.....	66
1.4. Казахстан в составе Союза Советских Социалистических Республик.....	69
1.5. Страна преображенной Великой степи.....	72
<b>Глава 2. Государственные символы – национальная гордость Казахстана</b>	
